БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 254 (9572) | 1954 жылғы 24 декабрь Жұма | Шығуына 35 жыл. жеке саны 20 тиын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ (1-бет).

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне, ССР Одағы Министрлер Советіне (1-бет).

**Д. В. Скобельцын.** —Бейбітшілік жолындағы аса көрнекті күрескерлер (1-бет).

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: Нұсқаушылар топтарының жұмысы өскелең міндеттердің дәрежесінде болсын. **Ф. Белов.** — Коллективтік басшылық органы (2-бет).

Совет жазушыларының Бүкілодақтық екінші съезі (2-бет).

МАЛДЫҢ ҚОРАСЫ ЖЫЛЫ, АЗЫҒЫ МОЛ БОЛСЫН: **Б. Жақыпов.**—Үлгілі әзірленген бөлімше **В. Черников.**—Мал өсірушілердің мәдени қажеті (3-бет).

**К. Ескендіров.** —Жаңа жыл базары (3-бет).

**Ж. Сапарғалиев.** —Ішкі мүмкіншіліктер жете пайдаланылсын (3-бет).

**Р. Әнуарбеков, Р. Қасенов.** —Колхоздағы құрылыстар (3-бет).

**Ө. Жанпейісов.** —Совхоздың рентабельдігін арттыру жолындағы күрес (3-бет).

Францияның Ұлттық жиналысында (4-бет).

Италияның депутаттар палатасында (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

## Мұғалімдердің январь кеңесін идеялық жоғары дәрежеде өткізейік

Бұл күндері облысымыздың барлық мектептері 1954—55 оқу жылының бірінші жартыжылдығына қорытынды жасауда. Енді аз күннен кейін оқушылар қысқы каникулге шығады, аудандарда және қалада мұғалімдердің дәстүрлі қысқы январь кеңестері басталады. Кеңеске күнілгері әзірлену, оған халық ағарту қызметкерлерінің белсене қатысуын қамтамасыз ету, сөйтіп, оны ұйымшылдықпен, идеялық жоғары дәрежеде өткізу—жергілікті партия, совет, комсомол ұйымдары мен халық ағарту орындарының бүгінгі таңдағы күнбе-күн көңіл бөлетін мәселелерінің бірі болып табылады.

Қазір мектептер коллективі мен халық ағарту орындарының қызметкерлері мұғалімдердің қысқы кеңесіне қызу әзірленуде. Мұнда мектептегі оқу-тәрбие жұмысының өзекті мәселелері талқыланады. Демек бірінші жартыжылдықтағы жұмыс қорытындыланып, алғы тоқсандарда оқу-тәрбие ісі мен сабақ үлгірімін жақсартудың, оқушыларға әржақты, терең білім берудің жолдары белгіленеді.

Өткен август кеңесінде де тәрбие жұмысын жақсарту, оқушылардың тәртібін нығайту, жаңа оқу жоспары мен программалары туралы мәселелер талқыланған болатын. Мектеп тұрмысындағы осындай маңызды мәселелерді талқылауға облысымыздың халық ағарту қызметкерлері белсене қатысты. Октябрь, Преснов, Приешім және басқа аудандарда мұғалімдердің август кеңесі ұйымшылдықпен, жоғары дәрежеде өткізілді.

Август кеңесінде өткен оқу жылында кездескен елеулі кемшіліктер батыл сынға алынды, оны жоюдың нақтылы шаралары белгіленді. Көптеген мұғалімдер өздерінің тәжрибелерін, жұмыс стилін ортаға салып, мектептегі оқу-тәрбие жұмысын жақсартуға, тәртіпті нығайтуға бағытталған бағалы ұсыныстар енгізді. Октябрь аудандық оқу бөлімі мұғалімдердің Коновалов МТС-не экскурсияға баруын ұйымдастырды. Мұнда олар ауыл шаруашылығында қолданылатын озат техникамен, оның өндірісте пайдалану жолдарымен, МТС-тің цехтарымен, ондағы өндіріс процестерімен танысты.

Дегенмен кейбір аудандарда август кеңесі тыянақты әзірлікпен, сын мен өзара және жекелеген мұғалімдердің баяндамалары тыңдалады. Бұл баяндамалар асығыс, тығыз-таяң даярланбай, идеялық жағынан ұстамды, мазмұнды, мектептердегі оқу-тәрбие жұмысы мен сабақ берудің түйінді мәселелерін қамтып, мұғалімдерге тиісті дәрежеде пайда келтіретіндей болуы қажет. Сол сияқты, секцияларда жасалатын қосымша баяндамалар да тыянақты даярланып, олар жеке пәндерді оқыту әдісіне толық талдау жасайтындай болуы керек.

Мектеп жұмысындағы елеулі ерекшеліктің бірі сол, жаңа оқу жылынан бастап ер балалар мен қыздар бірге оқый бастады. Бұл оқушыларды достыққа, жолдастыққа тәрбиелеуге үлкен негіз болып, өзінің алғашқы нәтижесін берді. Жаңа оқу жоспары мен программа бойынша өтілетін материалдар едәуір ықшамдалды. Мұның өзі практикалық және лабораториялық жұмыстарды молырақ жүргізуге, оқушылардың өткен материалды терең меңгеруіне мүмкіндік беруде.

Облыс мектептерінде политехникалық оқуды жүзеге асыруға әзірлік және қол еңбегі сабақтарын жүргізу едәуір жақсарды. Бірқатар мектептерде арнаулы мастерскойлар ашылып, олар қажетті құрал-саймандармен жабдықталды. Мастерскойларды жабдықтауға жұртшылық, қоғамдық ұйымдар мен МТС-тер үлкен көмек көрсетуде. Бұл жөнінде Ленин ауданындағы Петровка жетіжылдық мектебінің жұмысы (директоры Леванов жолдас) басқаларға үлгі боларлықтай. Мектептің жақсы жабдықталған мастерскойы бар. Қол еңбегі сабақтары қазіргі қойылып отырған талаптарға сай өтеді.

Жасөспірімдерді саналылыққа, ұйымшылдыққа, жарасқан балалар коллективін жасауға тәрбиелеуде мектеп комсомол, пионер ұйымдары үлкен роль атқарады. Олар педагогикалық коллективтің сенімді көмекшісі. Сондықтан кеңесте комсомол, пионер ұйымдарының жұмысын жақсартуға жете көңіл бөлінуі керек. Ал аудандық, қалалық комсомол комитеттері комсомол, пионер ұйымдарына басшылықты анағұрлым жақсартып, оған дұрыс бағыт беріп отыруы тиіс.

Быйыл облысымыздың тың жерлерінде ұйымдастырылған совхоздарда жаңадан жетіжылдық бастауыш мектептер

## Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне ССР Одағы Министрлер Советіне

ССРО Кәсіпшілік кооперациясы уәкілдерінің II съезі кәсіпшілік кооперациясы артельдерінің мүшелері мен барлық қызметкерлерінің атынан Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне және ССРО Министрлер Советіне жалынды сәлем жолдайды.

Съездің делегаттары партияның Орталық Комитеті мен Совет Үкметінің құттықтауын асқан зор жігермен қарсы алды. Бұл құттықтауда халық шаруашылығын онан әрі өрге бастыру жолындағы, еңбекшілердің материалдық әл-ауқатын арттыру жолындағы күресте кәсіпшілік кооперациясының бірінші кезектегі міндеттері белгіленіп берілді.

Кооператив өнеркәсібінің қызметкерлері өздерінің алдына қойылған зор және жауапты міндеттерді абройімен орындаймыз деп, совет адамдарына көпшілік тұтынатын сапалы товарларды көбірек беру үшін күші мен еңбегін аямай жұмсаймыз деп Партия мен Үкметті сендіреді.

Кәсіпшілік кооперациясы артельдерінің үстіміздегі жылдың өзінде-ақ өнімді соғыстан кейінгі бірінші бесжылдықтың соңғы жылындағыдан—1950 жылғыдан 75 процент артық шығаратынын, бекітілген жоспардан тыс кемінде 2,5 миллиард сомның халық тұтынатын товарларын беретінін съезге қатысушылар СОКП Орталық Комитеті мен Совет Үкметіне қуанышпен хабарлайды.

Біз кәсіпшілік кооперациясының совет адамдарының бұқара тұтынатын товарлар жөніндегі үнемі өсіп отырған тілектерін бұрынғыдан да гөрі толық қанағаттандыруға, халықтың тұрмыс мүдделерін неғұрлым жақсы қамтып отыруға міндетті екенін жақсы түсінеміз. Осыған сүйене отырып, съезд халыққа қажетті товарлар өндіруді барынша арттыру және товарлардың сапасын мықтап жақсарту жөнінде практикалық шаралар белгіледі.

Кәсіпшілік кооперациясының қызметкерлері еңбек өнімділігі мен өндіріс мәдениетін онан әрі арттыру үшін, әрбір кәсіпшілік артелінің мемлекеттік жоспарды толық және асыра орындауы, жоғары сапалы, жақсы, әсем товарлардың алуан түрлі ассортиментін шығарып отыруы үшін бұрынғыдан да зор жігермен күреседі деп, біз СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советін сендіреміз.

Кәсіпшілік кооперациясының қызметкерлері, өз резервтерін ескере отырып, мынадай міндеттемелер алады:

1955 жылдың өндірістік жоспарын мерзімінен бұрын орындаймыз және 1950 жылдың дәрежесінен 2 есе асып түсетін өндіріс көлеміне бесінші бесжылдықтың аяғына жетеміз;

1955 жылы, үстіміздегі жылмен салыстырғанда, мебель жасауды біржарым есе, металдан жасалған шаруашылық ыдыстарын шығаруды—2 есе арттырамыз;

Құрылыс материалдарын: кірпіш өндіруді—1,5 есе, черепица өндіруді—2,4 есе, шлакоблоктер жасауды —3,6 есе арттырамыз;

1954 жылмен салыстырғанда еңбек өнімділігін 9 процент арттыруды қамтамасыз етеміз, ал, өнімнің өзіндік құнын кемінде 6 процент кемітеміз.

1955 жылы кооператив ұйымдары кемінде 600 жеке заказбен киімдер тігетін ірі артельде, халықтың тұрмысын қамтыйтын комбинаттар, химия заттарымен киім тазалайтын және бояйтын фабрикалар, аяқкиім, мебель және үй іші мен шаруашылықта тұтынылатын заттарды өңдеу мастерскойларын салады. Соның өзінде 300 тұрмыстық-жөндеу кәсіпорындары тың және тыңайған жерлер игеріліп жатқан аудандарда құрылады:

Біз колхоздарға, МТС-терге және совхоздарға керекті жергілікті құрылыс материалдары мен әртүрлі шаруашылық құрал-саймандарын өндіруді едәуір арттыруға ерекше назар аударуға міндеттенеміз.

ССРО кәсіпшілік кооперациясы уәкілдерінің II съезі, кәсіпшілік кооперациясының қызметкерлері өздерінің Отан алдындағы патриоттық борышын абройімен орындайды—халыққа керекті товарлар өндіруді арттыру үшін ішкі резервтерін барынша толық пайдаланады, техника мен өндіріс технологиясын үнемі жетілдіріп отырады, социалистік жарысты бұрынғыдан да кең өрістетеді, өндіріс жаңашылдарының, озаттарының қатарын тынбастан көбейте береді, совет адамдарының ұдайы өсіп отырған тұрмыс тілектерін қамтуды қажырлылықпен жақсарта береді деп Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советін сендіреді.

Коммунизм орнату жолындағы күресте совет халқының дем беруші және бастаушы ұлы күші —Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!

Біздің туысқан Совет Үкметіміз жасасын!

Біздің қуатты Отанымыз—Советтік Социалистік Республикалар Одағы жасасын!

**ССРО Кәсіпшілік кооперациясы уәкілдерінің II съезі.**

## Бейбітшілік жолындағы аса көрнекті күрескерлер

☆

**Академик Д. В. СКОБЕЛЬЦЫН,**

**«Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» халықаралық Сталиндік сыйлықтар комитетінің председателі**

☆

Бейбітшілік жолындағы ұлы күрескер И. В. Сталиннің туғанына 75 жыл толған күні «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» кезекті халықаралық Сталиндік сыйлықтар беру туралы қаулы жарияланып отыр. Әртүрлі елдердің демократиялық жұртшылығының өкілдерінен құрылған комитет халықтар арасындағы бейбітшілік пен достық жолындағы аса көрнекті күрескерлердің жаңа бір тобына сыйлықтар берді.

Сталиндік бейбітшілік сыйлығы біздің заманымыздағы халықаралық өмір оқиғаларының негізгі желісі болып табылатын күресте —бейбітшілікті сақтау және нығайту жолындағы күресте сіңірген

терден міндеттерін түсіндіру үшін ол европалық қорғаныс бірлестігін құру жоспарларын Франция үшін қандай қатер екенін көрсететін кітапша жазды. Ол Индо- Қытайдағы соғысқа қарсы күресушілердің алдыңғы қатарында болды. Бүгін Францияның басқа патриоттарымен бірге ол француз халқының ұлттық мүдделеріне тікелей хауіп болып табылатын Лондон және Париж келісімдеріне қарсы күресуде. Францияның кәсіподақ

рағаң соғысқа қарсы шығармалардың бірі болды. Онан кейінгі жылдарда Брехт қалың бұқараның сүйікті ақынына айналды. Неміс халқы гитлеризмнің тепкісінде болған кезде, ол шетелдерде жүріп бірсыпыра маңызды шығармалар «Үшінші империядағы үрейленушілік пен торығу» және басқалары жазды, бұл шығармалар фашизмге қарсы күресте зор роль атқарды.

Бертольд Брехт өз отанын бейбітшілік-

Санин Кано оның қатарына қосылды, ол қазір Колумбияның бейбітшілікті жақтаушылар комитетінің құрметті президенті. Өзінің ұлғайған жасына қарамастан, ол публицистік қаламын тастамайды, халықты жаңа соғысты насихаттауға қарсы, америкаң империализмінің Колумбия мен Оңтүстік Америка континентіндегі басқа елдердің бостандығы мен тәуелсіздігіне қол сұғуына қарсы күресуге шақырып келеді. Ол Совет Одағы бастаған демократиялық лагерьді бостандық пен прогрестің жарық сәулесі, дүние жүзінің барлық халықтарының тәуелсіздігі мен бостандығының тірегі ретінде талай рет құттықтады.

Халықаралық Сталиндік сыйлық Ин-

лерге қатардағы мұғалімдер белсене қатыспады. Мұндай жағдай Полудень ауданында кездесті. Ауданның партия, совет ұйымдары және оқу бөлімі кеңеске мектептер коллективтерінің үлгілі әзірленуін қамтамасыз етпеді. Кеңеске бірқатар мұғалімдер тіпті қатысқан да жоқ. Міне, сондықтан да, аудан мектептеріндегі өткен жылғы кемшіліктер үстіміздегі жылы да қайталануда. Бірқатар мектептерде осы уақытқа дейін мастерскойлар ұйымдастырылған жоқ. Кейбір мұғалімдер жаңа оқу жоспары мен программаның ерекшеліктеріне жете түсінбеді.

Бұл кемшіліктер Совет ауданының мектептеріне де тән. Мұнда быйылғы оқу жылының бірінші жартыжылдығында оқушылардың сабақ үлгірімі төмендеп, сабақ берудің сапасы нашарлап кетті. Мәселен Смирнов орта мектебінде (директоры Ертаев жолдас), сондай-ақ, № 1 Шағлы, Шнуровка жетіжылдық мектептерінде бірінші тоқсанда әрбір үшінші оқушы үлгірмеді. Ал, аудан бойынша 4954 оқушының 913-і үлгірмеді.

Міне, мұндай төзгісіз жағдай оқу бөлімі мен мектеп директорларының оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыра алмауынан, мұғалімдердің жұмысына бақылауды күшейтіп, олардан сабақты идеялық жоғары дәрежеде беруді жете талап етпеуінен болып отыр. Таяуда болатын январь кеңесі мектептер мен халық ағарту орындарының жұмысындағы осындай кемшіліктердің бетін ашып, оны жою шараларын қарастыруы керек. Мұнымен бірге, кеңесте таңдаулы мұғалімдер мен алдыңғы қатарлы мектептердің тәжрибелері ортаға салынып, ол көпшілік игілігіне айналатын болса, мұның өзі мектептерде тәрбие жұмысын жақсартуға, тәртіпті нығайтуға белгілі дәрежеде әсер етеді.

Январь кеңесінде бірінші жартыжылдықтың қорытындысы жөнінде аудандық, қалалық оқу бөлімдері меңгерушілерінің ашылды. Олар қысқы январь кеңесіне тұңғыш рет қатысқалы отыр. Міне, сондықтан да осы мектептердің жұмыс үлгісі жан-жақты зерттеліп, ол тындағы басқа да мектептерде кеңінен насихатталуы тиіс.

СОКП XIX съезінің қарарлары осы бесжылдықтың аяғында республикалардың астаналарында, республикаға бағынатын қалаларда, облыстық, өлкелік және аса ірі өнеркәсіп орталықтарында жеті жылдық білім алудан жалпыға бірдей орта (онжылдық) білім алуға көшуді аяқтау, сол сияқты, келесі бесжылдықта басқа қалалар мен селолық жерлерде жалпыға бірдей орта білім алуды толық жүзеге асыруға керекті жағдайлар әзірлеу міндетін алға қойды. Бұл міндет жалпыға бірдей оқуды ойдағыдай жүзеге асыруды талап ететіні сөзсіз.

Алайда, облысымызда жалпыға бірдей оқуды жүзеге асырудың жайы айтарлықтай емес. Мектептер оқу жасындағы балаларды мектепке тегіс тарта алмай отыр. Соның салдарынан бірқатар оқушылар ешбір жерде оқымай, бос жүр. Мәселен Октябрь ауданында 103, Булаев ауданында 82, Конюхов ауданында 26 бала мектепке тартылмай отыр. Ал, облыс бойынша мектеп жасындағы оқымай жүрген балалардың саны 250-ден асады. Январь кеңесінде жалпыға бірдей оқу, мектеп жасындағы жастарды тегіс мектепке тарту кеңінен талқылануы қажет.

Партия, совет, комсомол ұйымдары оқу-тәрбие жұмысына қорытынды жасаудың жауапты кезеңі — дәстүрлі январь кеңесіне әзірлік күндерінде халық ағарту орындарына басшылықты анағұрлым жақсартып, олардың кеңеске үлгілі әзірленуін қамтамасыз етуі керек. Ал, оқу бөлімдері кеңестің мектеп тұрмысындағы маңызды ролін жете ескеріп, оған халық ағарту қызметкерлерін белсене қатыстыруға, сөйтіп, оны идеялық жоғары дәрежеде өткізуге жетісуі тиіс.

## ССРО Мемлекеттік банкінің қызметкерлерін көп жылдар бойына мінсіз жұмыс істегені үшін ССРО ордендерімен және медальдарымен наградтау туралы

*ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы*

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1951 жылғы 18 июльдегі Указына сәйкес көп жылғы және мінсіз істеген жұмысы үшін мыналар наградталсын:

### Солтүстік Қазақстан облысы бойынша

**Еңбек Қызыл ту орденімен**

**Пермякова** Анастасия Васильевна — облыстық мекеменің инспекторы.

**«Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен**

1. **Боярская** Лидия Петровна — облыстық мекеменің бөлім бастығы.
2. **Меркулова** Любовь Ивановна — облыстық мекеменің бухгалтері.
3. **Пороховский** Николай Кириллович — Булаев поселкесіндегі бөлімшенің бас бухгалтері.
4. **Потекаева** Александра Павловна — облыстық мекеменің бухгалтері.

**«Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен**

1. **Зеленова** Александра Павловна — Октябрь ауданы, Марьевка селосындағы бөлімшенің бас бухгалтері.
2. **Смирнов** Павел Семенович — облыстық мекеменің бас бухгалтері.
3. **Терещенко** Елена Сергеевна — облыстық мекеменің қалалық бөлімі бас бухгалтерінің орынбасары.
4. **Усачев** Ефим Игнатьевич — Полудено селосындағы бөлімшенің бас бухгалтері.

**ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.**
**ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.**

Москва, Кремль. 5 ноябрь 1954 жыл.

града ретінде аса зор халықаралық беделге ие болып отыр. Бұл сыйлықтың дүние жүзіндегі әртүрлі елдердің азаматтарына, олардың саяси және діни көзқарастарына қарамастан берілетінін атап көрсету керек. Өткен жылдардағы сияқты, біз лауреаттардың арасында нағыз әртүрлі саяси бағыттардағы, бірақ бір ортақ мақсатты — бейбітшілікті қорғау мақсатын көздейтін қайраткерлерді кездестіреміз, бұл мақсатқа олар өздерінің барлық күші мен жігерін аямай жұмсауда.

Сыйлықпен наградталған бейбітшілік жолындағы белсенді күрескерлердің арасында Англияның көрнекті қоғам қайраткері, юрист- демократтардың Халықаралық ассоциациясының председателі **Деннис Приттің** есімі бар. Деннис Притт тек өз елінде ғана емес, сонымен бірге одан тысқары жерлерде де өзінің барлық күш- жігерін бейбітшілікті жақтаған іске жұмсайтын қажымас қайраткер ретінде белгілі. Кіршіксіз таза, адал саяси қайраткер, берік сенім мен қоғамдық асқан зор борыштың адамы туралы ұғым оның есімімен байланысты. 1927 жылы король адвокаты деген атақ алған заң ғылымы саласындағы аса ірі маман Деннис Притт Англияның саяси және қоғамдық өміріне көп жылдардан бері белсене қатысып келеді. Неміс соғыс қылмыстыларын әшкерелеуде оның сіңірген еңбегі жұртқа мәлім. Осы аса көрнекті публицистің жазған әрбір сөзін жұрттың бәрі объективті байқаушының дәлелі деп түсінеді. Приттің Кореядағы соғыс туралы белгілі кітапшалары нақ осылай қарсы алынды; бұл кітапшаларында ол Кореядағы оқиғалардың шын мәніндегі себептерін ашып берді. Деннис Приттке Сталиндік бейбітшілік сыйлығын беруді ағылшын жұртшылығының қалың топтарында қанағаттанғандықпен қарсы алатындығына біздің комитет сенеді.

Францияның Жалпыеңбек конфедерациясының бас секретары — француз жұмысшы қозғалысының аса көрнекті өкілі **Ален Ле Леап** өзінің бүкіл қызметімен халықаралық Сталиндік сыйлықтың лауреаты деген жоғары атаққа ие болды. Ален Ле Леап өз өмірінің үшінші онжылдығын еңбекшілердің мүдделерін қорғау ісіне жұмсап келеді. Жұмысшылар мен қызметшілердің экономикалық мүдделері үшін күресу оны еңбекшілерді тек шексіз зор қыйыншылықтарға душар ететін жаңа соғыс хаупі мен жанталаса қарулануға қарсы, бейбітшілік жолындағы күреске белсене қатысу қажеттігін түсінуге заңдылықпен жеткізді. Ол өз елінің кәсіподақ қозғалысын жаңа соғысты әзірлеу жоспарларына қарсы белсенді қыймыл жасауға қажымай- талмай шақырып келеді. Еңбекшілерге бұл күрес қозғалысы халықтың бұл патриоттық күресіне өзінің аса зор үлесін қосып отыр. Еңбекшілердің мүдделері үшін белсенді күрескер және патриот — Ален Ле Леапқа бейбітшілік сыйлығының берілуі — оның өз елінің алдында, бүкіл дүние жүзі халықтарының алдында сіңірген еңбектерін халықаралық тану болып табылады.

Бирманың қоғам қайраткері, осы ел мәдениетінің аса көрнекті өкілі **Такин Кодо Хмаинг** Сталиндік бейбітшілік сыйлығымен наградталды. Жазушы, тарихшы, философ, бирма халқының ұлт-азаттық күресінің ветераны Такин Кодо Хмаинг өз елінде зор құрметтеушілікке бөленіп отыр; халық оны «Бирманың ұлы қарыясы» деп сүйіспеншілікпен атайды. Ол өзінің ұзақ өмірі ішінде 100-ге жуық пьесалар, романдар, поэмалар мен өлеңдер жазды, Бирманың ұлттық тәуелсіздігі жолындағы күрескерлердің тұтас бір ұрпағы оның осы шығармаларын оқып тәрбиеленді. Мұнымен бірге, ол өз елінің тарихы жөнінде, Бирма мәдениеті мен әдебиетінің тарихы жөнінде бірсыпыра кітаптар жазды, олардың көбі жалпы жұрт таныған оқулықтар ретінде пайдаланылып жүр.

Бирмада Британия үстемдік жүргізген кезеңде Хмаинг елді шетелдік езушіліктен азат етуді өзіне мақсат етіп қойған «такиндер» партиясының басшысы болды. Ол кезде бұл партия елдің саяси өмірінде аса көрнекті роль атқарып, барлық ұлттық күштерді өзінің төңірегіне біріктірді. Дүниежүзілік екінші соғыстан кейін біз Хмаингті Азия мен бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік жолындағы белсенді күрескерлер қатарында көріп отырмыз. 1952 жылы майда бейбітшілікті жақтаушылардың Бүкілбирмалық бірінші конгресі оны осы конгрестің Ұлттық комитетінің президенті етіп сайлады. Комитеттің басшылығымен Бирмада бес державаның арасындағы бейбітшілік шарты туралы үндеуге миллионға жуық адамның қолы қойдырылды. Бирма халқының ұлы жазушысы, оның ұлт-азаттық күресінің қарыясы Такин Кодо Хмаинг бүгін де өз халқының ең жақсы үміт- арманы мен тілегінің белгісі болып табылады. Оған халықаралық Сталиндік сыйлық беру, оның көп жылдар бойғы прогрессшіл жұмысы үшін берілген лайықты награда; мұны Бирма халқы зор қанағаттанғандықпен қарсы алады.

Халықаралық Сталиндік сыйлық лауреаттарының ішінде есімі Германияда жақсы белгілі неміс жазушысы және драматург **Бертольд Брехт** бар. Дүниежүзілік бірінші соғыстан кейінгі жылдардың өзінде-ақ Бертольд Брехт милитаризмге қарсы қажымас күрескер болды. Ол кезде оның «Қаза тапқан солдат туралы балладасы» Германияда нағыз кеңінен тапен қайта біріктіру үшін, герман милитаризмінің күшейіп отырған қатеріне қарсы, неміс халқының барлық басқа халықтармен бейбітшілігі және достығы үшін күресуші неміс халқының патриоттық күштерінің алдыңғы сапында келеді.

Комитет Финляндияның тамаша ғалымы және қоғам қайраткері **Феликс Иверсенге** сыйлық берді, Финляндиядағы және Скандинавия елдеріндегі бейбітшілікті жақтаушылар оны пацифистік қозғалыстың шыншыл және адал қайраткерінің бірі деп біледі. Иверсеннің пацифистік қызметі 20-шы жылдар кезінде-ақ басталды. Дүниежүзілік бірінші соғыс және оның зардаптары жас ғалымның көзқарасына шешуші дәрежеде әсер етті, сөйтіп, ол өзінің өмірін бейбітшілікті қорғауға арнауға ұйғарды.

Дүниежүзілік екінші соғыстан кейін бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысы кеңінен өрістеген кезде Феликс Иверсен бұл қозғалысқа ойланбастан- ақ қосылды. 1949 жылы «Финляндияның бейбітшілік одағының» съезінде сөз сөйлеп, ол былай деп мәлімдеді: «бейбітшілікті жақтаушылардың программасы сондай, бейбітшіліктің барлық шын достары оны ешбір сөзсіз мақұлдай алады». Ол басқарған «Финляндияның бейбітшілік Одағы» «Финляндиядағы бейбітшілікті жақтаушылар» ұйымының коллективтік мүшесі болып табылады, ал Иверсеннің өзі осы ұйымның вице- председателі болды. Ол жанталаса қарулануға қарсы, Батыс Германияны ремилитарландыруға қарсы жігерлі күресті өрістетуде.

Лауреаттардың тізімінде бұдан соң Батыс Европаның ғылми және қоғам топтарында жақсы белгілі, Швейцарияның ірі ғалымы — **Андрэ Боннардың** есімі тұр.

1949 жылдан бері профессор Боннар Швейцарияның Бейбітшілікті жақтаушылар комитетін басқарып келеді. Жасалған қоқан-лоққыларға қарамастан профессор Боннар халықтың мүдделерімен өмір сүретін шын ғалым ретінде бейбітшілікті қорғау қозғалысының — қазіргі заманның прогрессшіл қозғалысының алдыңғы қатарында келеді.

Аса көрнекті ғалым және белгілі саяси қайраткер **Бальдомеро Санин Канога** Сталиндік бейбітшілік сыйлығының берілуін Латын Америкасында зор қанағаттанғандықпен қарсы алады. Санин Канонның қызметі мен білімі алуан түрлі. Ол филология жөніндегі көптеген еңбектердің авторы және Европа әдебиетін тамаша білетін маман ғалым. Оның ғылми еңбектері үшін Эдинбург және Боготин университеттерінің құрметті докторы деген атақтар берілді.

Колумбиядағы және Латын Америкасындағы бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысының алғашқы қадамынан бастап ...

Профессор **Прийоно** өз елінде Азия мен бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтау үшін белсене күресуші, Индонезия мәдениетінің көрнекті қайраткерлерінің бірі ретінде белгілі. Тіл білімі мәселелері жөнінен көрнекті маман профессор Прийоно сонымен бірге Индонезияның бейбітшілікті қорғау комитетінің вице-председателі болып белсенді қоғамдық қызмет істеуде. Жұртқа мәлім, бұл елде ұлттық тәуелсіздік және бейбітшілік жолындағы бүкіл халықтық қозғалыс соңғы жылдарда кеңінен өрістетілді. Индонезия халқы өз Отанын шетелге тәуелсізділіктен тәлық азат ету үшін, америкаң империалистері, Оңтүстік-Шығыс Азияның басқа елдері сияқты, Индонезияны да қатыстыруға тырысып отырған агрессиялық шарттарға қарсы күрес жүргізуде. Индонезияның өкіліне Сталиндік бейбітшілік сыйлығын беру Индонезия халқының бұл күресі халықаралық демократиялық жұртшылық тарапынан кеңінен танылып, қуаттауға ие болып отыр деген сөз.

Сыйлық пен наградталғандардың ішінде Кубаның аса ірі ақыны, көрнекті қоғам қайраткері және публицист **Николас Гильен** бар. Гильеннің өзінің мәнісі жағынан шын халықтық поэзиясы тек Кубада ғана емес, сонымен бірге Латын Американ континентінің барлық елдерінде де зор беделге ие болып отыр. Оның өлеңдері француз, неміс, ағылшын, португаль тілдеріне және дүние жүзінің басқа да тілдеріне аударылды, ал, оның ішінен көп өлеңдер музыкаға салынды. 1952 жылы Гильен «Бүкілхалықтық көгершін» деген кітабын шығарды, ол америкаң империализмінің Латын Америкасы халықтарын езуіне қарсы, бейбітшілікті қорғауға бағытталған жауынгерлік поэзияның үлгісі болып табылады. Николас Гильенге Сталиндік бейбітшілік сыйлығын беру тамаша талантын халықтардың бейбітшілігі мен бостандығы ісіне арнаған ақын үшін жаңа рух беретін күш болады.

Бейбітшілікті қорғау жолындағы бүкілхалықтық күрес барлық елдер мен барлық континенттерді қамтып, кеңінен өрістеп, нығаюда. Бұл күрес өзінің игілікті қызметі арқасында халықтың қалың бұқарасының құрметтеуі мен сүйіспеншілігіне бөленіп отырған жаңа қайраткерлерді барған сайын көп туғызуда. Заманымыздың игілікті мақсатына жетуге — барлық халықтардың, олардың әлеуметтік және мемлекеттік құрылысына қарамастан, бейбітшілікпен және достықпен ынтымақтасуын қамтамасыз етуге өзінің барлық рухани күшін, өзінің барлық жігері мен талантын жұмсайтын адамдарға біздің комитет осы бүкілхалықтық құрметтеуді білдіруге ұмтылады.

## И. В. Сталинге ескерткіштің ашылуы

БАТУМИ, 21 декабрь. (СОТА). Бүгін мұнда И. В. Сталинге ескерткіштің салтанатпен ашылуына арналған, көп адам қатысқан митинг болды.

Сталиннің бейнесі қоладан жасалған қоңыр жылтырауық граниттен жасалған тұғырға орнатылған. Ескерткіш скульпторлар Сталиндік сыйлықтың лауреаты В. Топуридзе және архитекторлар К. Джавахишвили, Н. Абашидзенің жобасы бойынша жасалған.

## Жаңа шахталар қатарға қосылуда

СТАЛИНО, 22 декабрь. (СОТА). Донецк бассейнінде жаңа көмір кәсіпорындары қатарға қосылуда. Бүгін Шахтер ауданында тағы екі шахта отын бере бастады.

Кәсіпорындарының техникамен жабдықталуы еңбекті көп керек ететін көмірді қазудан бастап темір жол вагондарына тиеуге дейінгі жұмыстарды толық механикаландыруды қамтамасыз етеді.

Декабрьдің аяқ шеніне тағы да бірнеше шахта пайдалануға беріледі.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

# Нұсқаушылар топтарының жұмысы өскелең міндеттердің дәрежесінде болсын

## Ленин аудандық XIII партия конференциясы

Жақында Ленин аудандық XIII партия конференциясы болып өтті. Конференция делегаттары аудандық партия комитетінің есебі туралы ҚКП аудандық комитетінің секретары Плевако жолдастың баяндамасын зор белсенділікпен талқылады.

Баяндамашы және жарыссөзде сөйлеуші жолдастар Коммунистік партия мен Совет үкіметінің социалистік ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөнінде көрсетіп отырған қамқорлығын зор қанағаттанғандықпен атап өтті. Совет мемлекетінің зор көмегі арқасында партия ұйымдарының басшылығымен аудан еңбекшілері СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март және июнь Пленумдарының қаулыларын жүзеге асыруда айтарлықтай табыстарға ие болды. Бастауыш партия ұйымдарының ролін арттыруда, колхозшы шаруалар мен МТС, совхоз қызметкерлерін ауыл шаруашылығының барлық саласын шұғыл өркендету жолындағы күреске белсене жұмылдыруда аудандық партия комитеті аппаратының қайта құрылуының зор маңызы болды. Партия басшылығы ауылшаруашылық өндірісіне—колхоздар мен совхоздарға және МТС-терге жақындай түсті.

Партия ұйымдарының бұқара арасындағы ұйымдастыру және саяси жұмыстарының нәтижесінде аудан үстіміздегі жылы өткен жылға қарағанда егіс көлемін 43 мың гектардан астам арттырды. Осы сияқты келесі жылғы көктемгі егіске пар мен зябь 88 мың гектар артық әзірленді.

Алайда, конференция атап көрсеткендей, аудан партия ұйымы өзінің алдында тұрған басты міндетті—мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындай алмады. Көптеген колхоздар Отан алдында борышты болып қалды. Аудан бойынша дәнді дақылдар егісінің шығымы 6,1 центнерден аспады.

Аудан колхоздары ауыл шаруашылығының маңызды саласы—мал шаруашылығын өркендетуде төзгісіз артта қалып қойды. Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудің жылдық жоспары сиыр малы жөнінде 80 процент, оның ішінде сауын сиырлар жөнінде 85 процент, қой, ешкі жөнінде—85 процент, шошқа жөнінде—80, ал құс өсіру жөнінде небары 58 процент ғана орындалды. Сталин атындағы, Аманкелді атындағы, Калинин атындағы, «Бірлік» колхоздарында қоғамдық малдың басы өткен жылға қарағанда қысқаруына жол берілді.

Егіншілік пен мал шаруашылығын өркендетуде бұл және басқа да елеулі кемшіліктердің орын тебуін бұқара арасындағы ұйымдастыру және саяси жұмыстың дәрежесі төмен болуымен түсіндіруге болады. Аудандық партия комитеті басшылықтың әлі де болса жарамсыз әдісінен арыла алмай келеді. Аудандық партия комитеті оның МТС аймақтары төмендетілген, олардың бірқатары жұмыста инициатива көрсетпейді. Мәселен Ильич атындағы МТС-тің Калинин атындағы колхозда жұмыс істейтін нұсқаушысы Мырзахметов жолдас колхозда үнемі болады. Алайда оның колхозда ұзақ болуынан пайда шамалы. Ол колхозшы шаруалар үшін әңгіме өткізіп, баяндама жасаудан қол үзген. Колхоз партия ұйымына партиялық-саяси жұмысты ұйымдастыру жөнінде жеткіліксіз көмек көрсетті. Солай бола тұрса да аудандық партия комитетінің осы МТС аймағы жөніндегі секретары Колосов жолдас нұсқаушы Мырзахметовтың жұмысындағы кемшіліктерді кезінде байқауды, сөйтіп оған бұл жөнінде қажетті көмек көрсетіп, басшылық жасауды ескермеді.

Нұсқаушылар топтары жұмысының дәрежесі төмен болуына аудандық партия комитеті, оның бірінші секретары Плевако және екінші секретары Сәрсенбаев жолдастар тікелей кінәлі. Өйткені олар өздерінің күнделікті жұмысында нұсқаушылар тобына сүйенбеді. Оның жұмысын қорытып, жақсы тәжрибелерді жалпының игілігіне айналдырмады. Керек десеңіз аудандық партия комитетінің аймақ жөніндегі секретарьлары мен нұсқаушыларды шаруашылық жұмыстар жөнінде белгілі бір колхозға уәкіл етіп тағайындап, бұл жөнінде жоғарғы партия орындарының нұсқауын өрескел бұрмалады. Плевако, Сәрсенбаев жолдастар жергілікті жерлерде болғанда нұсқаушыларды партиялық-саяси жұмыстың практикасына үйретпеді, олар тек бірыңғай шаруашылық міндеттердің жүзеге асырылуымен ғана шұғылданып, ұйымдастыру және саяси жұмысқа жете мән бермеді.

—Біз бірқатар мәселелерді шешу жөнінде қиындыққа кездесеміз,—деді нұсқаушы Бошатаев жолдас.— Мәселен егін жиnau кезінде аудандық партия комитетінің секретарьлары Плевако, Сәрсенбаев жолдастардан ұйымдастыру және саяси жұмыс жөнінде кеңес сұрап, бірнеше рет телефон соқтым. Бірақ бұл басшы жолдастардан қажетті нұсқау ала алмадым. Олардың айтқаны: «Жұмысты қалай жүргізсең солай жүргіз, сен түсінбейсің бе? Бізге, мемлекетке астық, астық бер». Мен мемлекетке астық керек екенін жақсы білемін. Бірақ бұл үшін қандай ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу керек, әңгіме міне осында.

Аудандық партия комитетінің секретары Сәрсенбаев жолдас өзінің сөзінде бастауыш партия ұйымдары мен нұсқаушылар топтарының жұмысындағы кемшіліктердің сансыз тізбегін баяндады. Ол Калинин атындағы, «Земледелец», «Славянка», Киров атындағы колхоз партия ұйымдары партия жиналыстарын тек аудандық партия комитетінен өкілдер келгенде ғана өткізетінін айтты. Нұсқаушылар тобы партия ұйымдарының белсен- хозында соңғы үш жылда төрт председатель ауысты. Мұндай жағдай ауданда жиі кездеседі.

Жарыссөзде сөйлеушілер озат шаруашылықтардың тәжрибелерін насихаттау партия ұйымдарының маңызды міндеттерінің бірі екенін атап көрсетті. Ауданда озат шаруашылықтар аз емес. Мәселен «Тропинка Ильича» колхозы астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындап, мемлекетке 20 мың пұттай астық сатты. Мал өсіру жөнінде жылдық жоспарды толық орындады. Осы сияқты «Советский», «Мир» ауылшаруашылық артельдері де егіншілік пен мал шаруашылығын өркендетуде зор табыстарға ие болып келеді.

—Бірақ не пайда,—деді Образцовая МТС-і трактор бригадасының бригадирі Попов жолдас,—аудандық партия комитеті озат шаруашылықтардың тәжрибелерін терең зерттеуді, оны жалпының игілігіне айналдыруды ұмыт қалдырып келді.

Еңбекшілер депутаттары аудандық Совет аткомі председателінің орынбасары Күдербеков жолдас өзінің сөзін жергілікті Советтердің ролін арттыру мәселесіне арнады. Ол аудандық партия комитеті шаруашылық және мәдени құрылыс мәселелерін көп реттерде тікелей өзі шешіп, аудандық атком мен оның бөлімдерінің инициативаларын тежейтінін айтты.

«Новый путь», Аманкелді атындағы колхоздардың председательдері Черняев, Жолдыбаев жолдастар конференцияға қатысушылардың назарын ауылшаруашылық мамандарының жұмысқа жауапкершілігін арттыру мәселесіне аударды. Жолдыбаев жолдас агроном Ефименко, зоотехник Мурзин жолдастар колхозда агротехникалық шараларды жүзеге асыру, малға жемшөпті алдын-ала әзірлеп беру жұмыстарынан қалып отырғанын хабарлады. Сонымен қатар Черняев, Жолдыбаев жолдастар колхозды, колхозшыларды қажетті өнеркәсіп және басқа товарлармен мүлде жеткіліксіз қамтамасыз етіп отырғаны үшін аудандық сауда бөлімінің меңгерушісі Гарагуля, аудандық тұтынушылар одағының председателі Ионычев жолдасты батыл сынға алды.

Конференцияда облыстық ауылшаруашылық басқармасына орынды сын ескертпе жасалды. Басқарма екі жылдан бері Заградовка селосында жаңа МТС құрылысын ұйымдастыруды жүзеге асыра алмай келеді. Осының себебінен МТС директоры Пашнин және басқа бірнеше қызметкерлер өздеріне жұмыс таба алмай, жаз болса балық аулаумен, қыс болса аң аулаумен уақыт өткізіп жүр.

Конференцияда Қазақстан КП Орталық Комитеті нұсқаушысы Нұғыманов жолдас сөз сөйледі. Ол Явленка, Торанғұл совхоздары мен Образцовая МТС-і партия ұйымдарында партиялық-саяси жұмыс-



**Алтай өлкесі.** Құлынды МТС-нің коммунист И. И. Перепелица бастаған трактор бригадасы үстіміздегі жылы «Маяк Ильича» колхозында жаздық бидай үшін 1435 гектар тың және тыңайған жер көтерді. Жұмысталған және себілген жерлерден 100 пұттық өнім алынды. Бригадир И. Перепелицаның өзі орақ мерзімінде комбайн жүргізіп, 25 жұмыс күні ішінде «С—6» тіркеулі екі комбайнмен 1266 гектар жердің бидайын жиынады. Көктемгі және жазғы маусым үшін Перепелица жолдас 80 центнер бидай және 30556 сом ақшадай табыс тапты. Қазір бригада мастерскойларда трактор жөндеу жұмысын ойдағыдай жүргізуде.

СУРЕТТЕ: бригадир **И. И. Перепелица** мастерскойда жұмыс істеп жүр.

**(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).**

☆ ☆

## Алдыңғы қатарлы совхозға экскурсия

Аудандық партия комитеттерінің МТС және совхоздар жөніндегі нұсқаушыларының екі айлық семинарына қатысушылар жақында Мамлют асылтұқымды мал совхозына экскурсияға барды. Совхоз жұмысшылары мен қызметкерлері экскурсанттарды өз шаруашылығының жетістіктерімен таныстырды. Совхоз директоры Дворецкий жолдас «Сауын сиырлардан сүтті мол алу және олардың тұқымын асылдандыру жөніндегі әдістеріміз» деген тақырыпта лекция оқыды. Лекцияда совхоз коллективінің сауын сиырлардан сүтті мол алу және малдарының тұқымын асылдандыру жөніндегі қол жеткен табыстары жөнінде айтылды.

Сол сияқты экскурсияға келгендер совхоздың алдыңғы қатарлы адамдарымен кездесіп, олардың жұмыс әдістері жөнінде пікір алысты. Экскурсанттарды озат сауыншы М. Дик жолдас өзінің көпжылғы тәжрибесімен таныстырып, Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінен алған әсерлерін айтты.

# Совет жазушыларының Бүкілодақтық екінші съезі

Совет жазушылары съезінің 19 декабрьдегі таңертеңгі мәжілісін председательдік етуші **А. Венцлова** ашты. Ол бірінші сөзді Мордва жазушысы **Н. Эркайға** берді. Ол орыс әдебиетінің мордва совет прозасы мен поэзиясының дамуына жасап отырған игілікті әсері туралы айтты.

Мінбеде —армян ақыны **Н. Зарьян.** Ол өзінің сөзін көп ұлтты совет әдебиетінің даму проблемаларына арнады.

Балалар әдебиетінің даму міндеттерін айта келіп, **С. Михалков** балалар театрын көбейту және барлық драмалық театрлар балалар үшін кемінде екі-үш спектакльдер қоюға міндетті болсын деген ұсыныс енгізді.

Мұнан кейін шешен совет сатирасы мен комедиясы мәселелеріне тоқталды. Ол партияның XIX съезінен кейін біздің драматургтарымыз зрительдер мен сыншылар жақсы қабылдаған бірнеше комедиялар мен шолулар жазғандығын атап өтті.

С. Михалков біздің шындығымызға жала болып табылатын және совет сатирасының дамуына зор зиян келтірген жалған сатиралық пьесалар туралы айтты.

Съездің адресіне совет әдебиетінің достарынан, түрлі елдерден, жер жүзінің түрлі түпкірлерінен: жазушылардан, мәдениет қайраткерлерінен телеграммалар мен хаттар әлі де түсіп жатыр. Мәжілісте ақын Л. Ошанин Қытайдың әдебиет және мәдениет қызметкерлерінің атынан, Гə Мо жо қол қойған, неміс жазушыларынан, Жапонияның әдебиет мектебінің оқушыларынан, Кореяның мәдениет байланысы Қоғамының Орталық басқармасынан, американ жазушылары Альберт Кан мен Эрскин Колдуэлладан, Лион Фейхтвангерден, Австралияның жазушысы Катарина Сусанна Причардтан, Италия жазушысы Джанни Родариден, Венесуэла ақыны Карлос Аугуст Леоннан, Канаданың, Англияның, Аргентинаның, Швейцарияның, Израилдың жазушыларынан түскен құттықтауларды оқыды.

Съезде БЛКЖО Орталық Комитетінің секретары **А. Рапохин** сөз сөйледі, ол съезге қатысушылардың назарын біздің еліміздің жас ұрпақтарын тәрбиелеуге көмектесетін әдебиеттің даму мәселелеріне арнады.

Съездің делегаттары мен қонақтар батыр Вьетнам халқының өкілі ақын **Нгуэн Ден Тхиді** қызу қарсы алды, ол өз Отанының әдебиет және мәдениет қызметкерлері атынан съезге жалынды сәлем жолдады. Шешен Вьетнамның бостандық және тәуелсіздігі үшін болған шайқастардың отында совет және вьетнам әдебиетшілері достығының ныгайғандығы және шыныққандығы туралы айтты.

Нгуэн Ден Тхи съездің президиумына қымбатты сыйлық: өз Отанының аса қиыншылықты кезеңі — азаттық үшін күрес жылдарында Вьетнам жазушылары жазған және Вьетнам жұмысшылары басып шығарған кітаптарды тапсырды.

—Бұл кітаптарда,—деп сөзін аяқтады шешен, —Вьетнам адамдарының көрген қиыншылықтары мен қуаныштары бейнеленген, мұнда біздің халқымыздың рухани дүниесі айқындалған.

Бұдан кейін **В. Овечкин** сөз сөйледі. Ол біздің әдебиетіміздің қол жеткен сөзсіз табыстарымен қатар, соңғы уақытта әдебиет шығармаларына деген талаптың кемін кетуі және кейбір жазушылардың өмір шындығынан алыстауы сияқты төзгісіз көріністердің бар екенін айтты. В. Овечкин А. Сурковтың баяндамасы және К. Симоновтың қосымша баяндамасы жөнінде сын ескертпелер жасады.

19 декабрьдегі мәжілістің екінші жартысы **П. Антокольский, М. Әуезов** және **М. Рыльскийдің** «ССРО халықтары әдебиетінің әдеби аудармалары» қосымша баяндамасына арналды. Баяндаманың текстін съезд делегаты П. Антокольский оқыды.

Туысқан әдебиеттерді өзара аудару біздің елімізде Совет Одағы халықтары достығының жанды және нақтылы көрінісіне айналды, аударма жұмысы мемлекеттік маңыз алып, кең көлемде жүргізілуде. Бүкілодақтық кітап палатасының мәліметіне қарағанда, аударма әдебиет өткен 1953 жылы еліміздің барлық көркем әдебиет кітаптарының 45 процентіне жуығы болып табылады.

Баяндамада қол жеткен табыстармен қатар кейбір жекелеген аудармашылардың сәтсіздігі де жан-жақты талқыланды.

Съезд өзінің мәжілісін онан әрі жүргізуде.

* * *

20 декабрьдегі таңертеңгі мәжілісті председательдік етуші **Г. Баширов** ашты.

Жарыссөзде сөз сөйлеген РСФСР Оқу министрі **И. Каиров** балалар әдебиетінің жас ұрпақтарды тәрбиелеудегі, олардың мінездері мен санасын қалыптастырудағы жауапты ролі туралы айтты.

Өзбек жазушысы **А. Каххар** туысқан республикалар жазушыларының творчестволық ынтымақтастығын біздің көп ұлтты әдебиетіміздің жаңа тамаша қасиеті деп сипаттады. Оның ойынша баяндамаларда және қосымша баяндамаларда ұлттық әдебиеттің даму проблемалары терең талданбады.

өзінің «Жылымық» повестісінің нашар жақтарын ақтауға тырысуы дұрыс емес деді.

* * *

20 декабрьдегі кешкі мәжілісте **М. Турсын-зада** председательдік етті. «Совет әдебиет сынының негізгі проблемалары» туралы **Б. Рюриков** қосымша баяндама жасады.

—Жазушылар съезі бірінші рет әдебиет зерттеу және сын мәселесін талқылап отыр,—деді баяндамашы. — Мұның өзі ғана бұлардың біздің барлық әдебиетіміз үшін қандай маңыз алғанын көрсетеді.

жөніндегі нұсқаушылар топтары кадрлар арасындағы, бұқара арасындағы ұйымдастыру жұмысына жете назар аудармай келді.

Конференцияда әсресе аудандық партия комитетінің Образцовая МТС аймағы жөніндегі секретары Великанов жолдас басқарған топ қызметкерлерінің жұмысы батыл сынға алынды. Басқаны айтпағанда Великанов жолдастың өзі күні осы уақытқа дейін аудан орталығында тұрады. Ол МТС пен колхоздарда сирек болады, шаруашылық және партиялық-саяси жұмыстың жәйімен терең шұғылданбайды. Бастауыш партия ұйымының секретарьларына селода партиялық-саяси жұмысты жақсарту жөнінде нұсқау-кеңес бермей, тек МТС директоры мен колхоз председательдерінің ролін атқаруға тырысады.

Аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі нұсқаушылардың ділігін арттыра алмай келеді. Бұл дұрыс, жоққа шығаруға болмайды. Бірақ Сәрсенбаев жолдас аудандық комитеттің екінші секретары бола тұра бұл кемшіліктерге неге жол берді, бастауыш партия ұйымдары секретарьлары мен топ қызметкерлерін партиялық жұмыстың практикалық әдістеріне үйрету жөнінде қандай үлес қосты? Бұл сұрақтар Сәрсенбаев жолдастың сөзінен жауап таппады. Өзінің жұмысындағы кемшіліктер мен кателіктерді мойындауға оның батылы бармады. Міне сондықтан да конференция делегаттары Сәрсенбаев жолдастың сөзіне қанағаттанбады.

Конференция делегаттары басшы кадрларды іріктеп алу, орналастыру және тәрбиелеу мәселелеріне көп назар аударды. Аудандық партия комитеті басшы колхоз кадрларын іріктеп алу, оларды тәрбиелеу мәселесіне әлі де болса немкетті қарап келеді. «Путь к социализму» кол… нақтылы мысалдар келтірді. Сөйтіп, партия ұйымдарының алдында тұрған міндеттерге тоқталды.

Жарыссөзде барлығы 26 адам сөз сөйледі.

Конференцияның жұмысына облыстық партия комитетінің бюро мүшесі Политов жолдас қатысты.

Конференция аудандық партия комитетінің есеп беріп отырған мерзім ішіндегі жұмысын қанағаттанарлық деп бағалады. Сонымен қатар ол аудандық партия комитеті мен тексеру комиссиясының жаңа құрамын сайлады.

Аудандық партия комитетінің бірінші пленумында ұйымдастыру мәселесі қаралды. Аудандық партия комитетінің бірінші секретарьлығына—Плевако, екінші секретарьлығына—Сәрсенбаев, МТС аймақтары жөніндегі секретарьлары болып Колосов, Великанов, Рыбаков, Савченко жолдастар сайланды.

# Коллективтік басшылық органы

Партия бюросы—бастауыш партия ұйымына коллективтік басшылық ету органы. Міне сондықтан да есеп беру-сайлау жыйналысында коммунистер бастауыш партия ұйымы секретарына емес, бюроның жұмысына баға береді.

Бастауыш партия ұйымының жұмысы алуан түрлі. Ол партияның ұрандары мен қарарларын жүзеге асыру жөнінде бұқара арасында үгіт және ұйымдастыру жұмысын жүргізеді, төменгі баспасөзге басшылық етеді, партияға жаңа мүшелер қабылдайды, барлық коммунистердің марксизм-ленинизм жөнінен минимум білім алуына қамқорлық жасайды. Өнеркәсіптегі, транспорттағы партия ұйымдары бұқараны өндірістік жоспарды орындау күресіне жұмылдырады, шаруашылық басшыларының жұмысына бақылау жасайды.

Кәзір кәсіпорындары мен мекеме партия ұйымдарының көпшілігінде коммунистер саны көбейді. Онда партия бюросы жұмыс істейді. Партия бюросының секретары, егер бюро мүшелері көмектеспесе, жалғыз өзі партиялық-саяси жұмыстың бүкіл саласына басшылық ете алмайды. Партия ұйымының алдында тұрған міндетті шешуге бюро мүшелері, бүкіл коммунистер белсене қатысқан күнде ғана жұмыс нәтижесін береді. Мұны қала партия ұйымының тәжрибесінен айқын көруге болады.

Мәселен будан біраз бұрын май өндірісі трәсі партия ұйымының жұмысы мекеменің алдында тұрған міндеттер дәрежесінен кейін қалып келді. Партия ұйымы басшылықтың кеңсешілдік әдісіне қарсы батыл күрес жүргізе алмады. Мұның негізгі бір себебі, партия бюросының мүшелері жұмысты бірлесіп жүргізбеді, басшылықтың коллективтік принципі бұрмаланды.

Партия ұйымының жұмысындағы бұл кемшіліктер кезінде облыстық баспасөз бетінде сыналды. Партия ұйымының октябрь айында болып өткен есеп беру-сайлау жыйналысында коммунистер партия бюросының бұрынғы құрамының жұмысындағы елеулі кемшіліктерді батыл ашты, коллектив бюроның жаңа құрамын сайлап, басшылық принципін қатаң сақтауды талап етті.

Атап айту керек, партия бюросының жаңа құрамы есеп беру-сайлау жыйналысында айтылған сын-ескертпелерді, ұсыныстарды жыйнақтап, онан қорытынды шығаруда. Ол өзінің алғашқы жұмысын бірінші мәжлісте бюро мүшелерінің міндеттерін белгілеуден бастады. Мәселен, бюро мүшелері Кищенко жолдас кадрларды орналастыру мәселесіне, Трубникова идеологиялық жұмысты ұйымдастыруға көмектеседі. Ал, Иващенко жолдас кәсіподақ ұйымының жұмысына жауапты. Бюро мүшелерінің міндетті осылай нақтылы белгілеуі, тапсырылған жұмысқа олардың жауапкершілік сезімін арттырады.

Партия ұйымының жұмысын жоспарлау ісімен бір ғана секретарь емес, барлық бюро мүшелері шұғылданады. Мәселен, октябрь айында бюро мүшелерінің ұйғаруы бойынша партия жыйналысында мекеме қызметкерлері арасындағы мәдени-ағарту жұмысының жайы туралы жергілікті комитет председателі Агаев жолдастың есебін тыңдау жоспарланды. Күн тәртібіндегі мәселені дайындауға партия бюросының секретары Кудинов, бюро мүшесі Иващенко, коммунистер Никифорова, Пневский жолдастар катысты. Бұл жолдастар мекеме қызметкерлерімен әңгімелесіп, олардың рухани қажетін білді. Кәсіподақ ұйымының қаржысына алынған шахмат, дойбы, музыкалық аспаптар пайдаланылмайтыны анықталды. Мекеме қызметкерлері үшін лекциялар сирек ұйымдастырылады.

Партия жыйналысында коммунистер Агаев жолдастың есебін талқылауға қызу катысты. Олар кәсіподақ ұйымының жұмысындағы кешіліктердің бетін батыл ашумен бірге мекеме қызметкерлері үшін шахмат, дойбы үйірмелерін, ғылым мен озат тәжрибенің табыстары туралы лекция оқуды ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар жасады.

Партия бюросы жыйналыс қаулысының жүзеге асырылуын ұйымдастырды. Партия бюросының мүшесі Иващенко жолдас жергілікті комитетке бұл жөнінде практикалық көмек көрсетті.

Осы сыяқты партия бюросы өзінің жұмысын аппарат қызметкерлері арасында еңбек тәртібін нығайту мәселелеріне бағыттап отырады. Партия ұйымы өзінің қабылдаған қарарларының орындалуын тексеруді ұйымдастырады.

Алайда, қалада партия бюросы мүшелерінің ролі төмен партия ұйымдары да жоқ емес. Бұл жөнінде облыстық автомобиль басқармасының автомобиль базасы партия ұйымының жұмысын мысалға алуға болады. Мұнда партия мүшелерінің бірқатары, атап айтқанда Симонов, Лопатин жолдастар жұмыста белсенділік көрсетпейді. Ал партия бюросының секретары Подласов жолдас бүкіл жұмысты бір өзі ғана шешуге тырысады. Мұнда партия бюросының мүшелері өздерінің міндетін тек бюро мәжлісіне формальді түрде катысумен ғана тындырып келеді.

Қалалық партия комитеті аталған партия ұйымының жұмысындағы кемшіліктерді кезінде көрсеткен болатын. Алайда партия бюросы, оның секретары Подласов жолдас ол кемшіліктерден тиісті қорытынды шығара алмай отыр.

Өнеркәсіп, транспорт, мекеме партия ұйымдарында партиялық-саяси жұмыстың дәрежесі жоғары болуы, партия бюросынан басшылықтың коллективтік принципін жақсарта беруін талап етеді. Партия бюросы өзінің күнделікті жұмысында қабылданған қарарлардың орындалуын тексеру, еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің өзіндік құнын кеміту жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістету мәселелеріне үнемі назар аударып отыруға тиіс.

**Ф. БЕЛОВ,**

**ҚКП қалалық комитетінің нұсқаушысы.**

## Тартабанды темір жол құрылысында

Қыстың ызғарлы суық және боранды күндеріне қарамастан, Булаев станциясы мен Маленков атындағы совхозды қосатын жүз километрлік тартабанды темір жол құрылысында жер қазу жұмыстары қызу қарқынмен жүргізілуде. Бұл күндері қуатты экскаваторлар 2 метрлік биіктікке топырақ үюде.

Жол құрылысының көптеген жұмысшылары өздерінің тапсырмасын асыра орындап жүр. Экскаваторшы Кревцов және шофер Михайленко жолдастар күн сайынғы нормаларын 140—150 проценттен орындайды.

Кәзір Булаев станциясында пәтер үйлер салу жұмысы да тоқтаусыз жүргізілуде. Бұл үйлерде темір жол құрылысында істейтін жұмысшылардың семьялары тұрады. Мұндағы асхана, клуб үйлерінің құрылысы толық аяқталды. Олардың бәріне электр сымдары тартылды. Гараж және басқа құрылыстар да аяқталып келеді.

**Р. ҚАСЫМОВ.**

## Үйірме жұмысында

Смирнов орта мектебінде (Совет ауданы) оқу жылының басынан бері әдебиет, тарих, география, химия және әр түрлі спорт үйірмелері жұмыс істеп келеді. Бұл үйірмелерге оқушылар белсене қатысады. Тарих үйірмесіне қатысушы 8-10 класс оқушылары ұлы көсемдеріміз В. И. Лениннің және И. В. Сталиннің, сол сыяқты партияның басқа да көрнекті қайраткерлерінің өмір-баяндарын оқып, үйренуде. Ал география үйірмесіне қатысушылар Отанымыздың түрлі аудандарымен және байлығымен танысуда.

Жақында мектеп шахматшыларының жарысы өткізілді. Жарысқа қатысқан 18 шахматшының ішінде 8-ші класс оқушысы Е. Апкаров бірінші орынға ие болды.

**С. БАЗАРБАЕВ.**

## Колхозшылардың үйінде электр шамы жанады

Пушкин атындағы МТС-тің усадьбасы орналасқан Волощенко селосында бұрын электр шамдары болмайтын. МТС-тің жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлерінің инициативасы бойынша колхозшылардың үйлеріне электр сымдары жүргізіле бастады. Бұл жұмысқа МТС коллективімен бірге, Ворошилов атындағы колхоздың колхозшылары да белсене қатысуда.

Енді аз күннен кейін колхозшылардың үйлерінде, қоғамдық мекемелерде, мал фермаларында Ильич шамдары жарқырайтын болады. Электр қуаты фермалардағы, тұқым тазартудағы еңбекті көп тілейтін жұмыстарға пайдаланылады.

**С. СМАҒҰЛОВ.**

тының өкілімен кездесу съездегі ең бір толқығарлық кезеңнің бірі болды. Съезд біздің айбынды Қарулы Күштеріміздің делегациясын орындарынан тұрып, ду қолшапалақтаумен қарсы алды.

—Біз, совет жауынгерлері, —деді Совет Одағының Батыры, гвардия подполковнигі **А. Васильев,** — біздің жазушыларымыздың біздің Отанымызды қорғаушылардың ұлы жауынгерлік ерлігін бейнелейтін айтарлықтай шығарма жазғанына мақтаныш сезімдеміз. Сіздердің кітаптарыңыз совет жауынгерлерін коммунизмнің ұлы рухында тәрбиелеуге көмектеседі.

Бірақ, деді шешен, қол жеткен белгілі табыстарға қарамастан жазушылар өздерінің оқушылары алдында үлкен борышта тұр. Соңғы жылдары біздің даңқты Армия жөніндегі көркем шығармалар азайып барады.

Совет жауынгерлері өкілдеріне **Б. Полевой** былай деп мәлімдеді: Сіздердің құттықтауларыңызға совет жауынгерлерінің ерлігі мен өміріне арналған жаңа романдарымыз, повестеріміз, поэмаларымыз, фильмдеріміз бен пьесаларымыз біздің жалпы жауабымыз болуға тиіс.

Әдебиеттің жауынгер жанры ретінде очерктің өсіп отырған ролі туралы **Б. Агапов** айтып өтті.

**М. Алигер** әдебиет сыны туралы мәселеге тоқталып, жазушылардың өсуіне тыянақты түрде көмектесудің қажеттігі туралы айтты.

Съезд жылы жүзбен қарсы алған Индия жазушылары **Али Сардар Джафри** мен **Ахмад Аббастың** сөздері делегаттарға үлкен әсер етті.

—Маған,—деді Али Сардар Джафри,—Сіздердің кітаптарыңыздан алатын шабыттарымыз үшін, Сіздердің, біз сонша лықты ұмтылып отырған, социалистік реализмнің үлгісін бергендеріңіз үшін шын жүректен алғыс айтуға рұқсат етіңіздер.

Индия жазушылары съезге сыйлық — ақын Фаиз Ахмед Фаиздың өлеңдер кітабы мен деревня әйелдерінің күсті қолымен көркем түрде тігілген кездеме тапсырды. Мұндай кестені, деді Ахмад Аббас, аналар өз ұлының қалыңдығына сыйлайды. Осы көркем кестені тіккен әйел оқый да, жаза да білмейді, бірақ ол бейбітшілік үшін күрес туралы біледі. «Бұл кішкентай сыйлықты бейбітшілік үшін күресіп жатқан халыққа бер,—деп мәлімдеді ол әйел,—оларға менің бұл сыйлықты өзімнің ұлым үшін дайындағанымды айт, бірақ мен мұны Совет Еліндегі өзімнің ұлдарыма жіберіп отырмын. Мен олардың қалыңдықтарының және дүние жүзінде барлық қалыңдықтардың ешқашан соғыс апатын көрмеуін тілеймін».

Түркмен әдебиетінің жағдайы, оның табыстары мен кемшіліктері жөнінде **К. Құрбансахатов** сөйледі.

Ростов жазушысы **М. Соколов** жазушылар Одағы басқармасының жұмысы жөнінде сын ескертпелер жасады.

**М. Ибрагимов** Азербайжан әдебиетінің өткен жолдары, оның шешкен міндеттері туралы айтты. Шешен В. Овечкиннің съезде сөйлеген сөзіне сын ескертпе жасады. Ол сонымен бірге И. Эренбургтің…

…муында нақтылы роль атқаруға тиіс, жазушылар творчествосының қалыптасуына және оның дамуына әсер етуге тиіс. Біздің сынымызға шетелдердің жазушылары да құлақ асып, бақылап отырады. Халықтық демократия елдерінде де, капиталистік елдерде де совет әдебиет зерттеушілері мен сыншыларының кітаптары мен мақалаларының аудармасы барған сайын жиі жарыққа шығуда.

Сын алдағы уақытта да біздің әдебиетіміздің идеялық негізі үшін, оның реалистік шындықты суреттеуі үшін, жоғары көркемдік шеберлік үшін күресуге тиіс—баяндаманың негізгі қорытындысы осындай.

Баяндамада сонымен қатар совет әдебиетінің тәжрибесі мен дәстүрлерін бұдан да гөрі терең зерттеудің, көркемдік шеберлікті жоғары көтеру күресінде талаптылықты күшейтудің қажеттілігі айтылды.

Үзілістен кейін председательдік етуші «Сөз ұлы негритян әншісі, адамзаттың бақыты үшін қажымас күрескер **Поль Робсонға** беріледі» деп жариялады. Съезд делегаттары орындарынан тұрып, қызу қолшапалақтады. Колонна залының кең бөлмесінде Поль Робсонның таныс даусы естілді:

—Қымбатты достар, сәлеметсіздер мә!

Делегаттар бейбітшілік үшін қажырлы күрескердің пленкаға жазылған сөзін зор ынталылықпен тыңдады. Совет жазушыларына арнап Поль Робсон былай деді:

—Совет жазушыларының съезін құттықтау —мен үшін үлкен құрмет —өйткені біз Сіздермен бірге бір іс үшін, бәрімізге ортақ қымбатты ісі үшін—бейбітшілік ісі үшін күресудеміз. Біз, бейбітшілік үшін американдық күрескерлер, күшейген терроға қарамастан, барлық қыйыншылықтар мен бөгеттерге қарамастан өзіміздің күресімізді еселеген күшпен жүргізудеміз.

Поль Робсон өзінің сөзін мына сөздермен аяқтады:

—Уақытша —сау болыңыздар! Менің совет халқының шын досы екенімді естен шығармаңдар. Совет адамдарына, әсресе —балаларға менің сәлемімді жолдаңдар. Американың түрлі түпкірлерінен көптеген балалар менің Сіздерге және Сіздердің балаларыңызға сәлем жолдауымды өтінді. Шынында да болашақ солардікі, сондықтан да біз бейбітшілік күресінде жеңіске міндетті түрде жетуге тиіспіз. Бейбітшілік соғысты жеңеді!

Жарыссөз онан әрі жүргізілді. **Ғ. Мұстафин** қазақ жазушыларының творчествосы туралы айтты.

Съезд жылы жүзбен қарсы алған француз жазушысы **Эльза Триоле** совет жазушыларының жаңа шығармаларын шетелдік оқушылардың қаншалықты зор ынталылықпен қабылдайтындығы туралы, совет жазушыларының кітаптарында шындық негізде жасалған жаңа дүние адамдарының образдары оқушылар үшін қаншалықты зор қымбаттылығы туралы айтты.

Мәжлістің соңында кинорежиссер **А. Довженко** сөз сөйледі, ол өзінің сөзін кинодраматургия мәселелеріне арнады.

# Малдың қорасы жылы, азығы мол болсын

☆ ☆ ☆



Львов облысы. Краснен ауданының колхоздары мал тұратын қоралар мен басқа да өндірістік шаруашылық құрылыстар салуды жылдан-жылға өрістетіп келеді. Тек үстіміздегі жылдың 9 айы ішінде ғана 154 құрылыс пайдалануға берілді, оның ішінде типті 25 мал қорасы бар. Аудан бойынша құрылыстың жылдық жоспары 135,7 процент, ал үшінші тоқсандағы жоспар 270,2 процент орындалды.

1954 жылдың үшінші тоқсанындағы социалистік жарыстың қорытындысы бойынша Украин ССР Министрлер Советі Краснен ауданына Ауыспалы Қызыл Ту тапсырды.

СУРЕТТЕ: Краснен ауданындағы «Перемога» колхозы қораларының жалпы көрінісі. Мұнда биылғы жылы көптеген типті мал қоралары, құс қоралары, сұразық мұнарасы орнатылды. Қазір төрт қатарлы сиыр қорасы салынып жатыр.

(СОТА-ның фотохроникасы).

## ЖАС САУЫНШЫ

Полудень ауданы, Сталин атындағы колхозда үлгілі сауыншылар көптеп саналады. Солардың қатарына биыл тағы бір жас сауыншы қосылды. Ол—Нина Корж. Оның бұл жұмыста істей бастағанына бір жыл жаңа толды. Осы біржылдық жұмыстың қорытындысы-ақ оның іскер, болашағы зор, еңбексүйгіш сауыншы екендігін байқатты.

Нинаның қарауына колхоз басқармасы 12 құнажын сиыр бекітіп берді. Ол қарауындағы сиырлардан алынған төлдерді жақсы күтіп, өсірді. Н. Коржға әрбір сауын сиырдан 800 литр сүт алу жоспарланған еді. Нина бұл көрсеткішті —900 литрге жеткізуге міндеттенді.

Бұл міндет ойдағыдай орындалды. Осы жылдың 1 октябріне Н. Корж жолдас қарамағындағы әрбір сауын сиырдан орта есеппен 1350 литрден сүт алды.

Корж жолдас малдың өнімділігін арттырудың негізгі шарты —малды азықтандыру ісіне ерекше зор маңыз береді. Ол қазір сиырлардан алынатын сүт мөлшерінің күрт кеміп кетпесі үшін малды ірі сабақты, құнарлы және жемазықтарды баптап беруге ерекше зер салуда. Коржның алдағы жылы да сауын мөлшерін арттыра түсетіндігіне сенім зор.

З. КАМАЛОВА.

## Мал жақсы күтімде

Аманкелді атындағы колхозда (Совет ауданы) мал қыстату үлгілі ұйымдасты-

## Үлгілі әзірленген бөлімше

Булаев ауданы, Совет совхозының № 4 бөлімшесі мал қыстатуға тыңғылықты әзірлік жасады. Барлық түлікке қажетті мал қоралары күні ілгері жөнделді. Оған мал зоотехникалық ережелерге сәйкес қоңдылығына, денсаулығына қарай бөлініп, орналастырылды.

Мал қыстатудың негізі болып есептелетін жемшөп қоры да жеткілікті. Мұнда дайындалған 15 мың центнер шөп бар. Қазір совхоз коллективі мал қоралары жанына пішен тасу жұмысын қызу жүргізуде. Бұл жұмысқа бір трактор және 10 пар көлік қатысады. Бұлар іске тиімді пайдаланылуда. Тракторшы Гобермель, Петрушенко жолдастар барыпқайтуы 40 километр қашықтықтан күн сайын 200-250 центнер шөп әкеліп жүр. Ал пішен тасудағы көліктермен мал қоралары жанына күніне 120-130 центнер жемшөп жеткізіледі. Мұнда Қауменов, Волошин сияқты жолдастардың әрқайсысы көлікпен 15 центнер пішен тасиды. Жұмыстың үлгілі ұйымдастырылуы нәтижесінде бөлімше қазір 10 мың центнер пішенді мал базалары жанына тасып алды. Совхоз коллективі дайындалған жемшөпті жуық арада түгел мал базалары жанына тасып жеткізуге міндеттеніп отыр.

Бөлімшеде ірі сабақты мал азықтарының жеткілікті мөлшерде болуымен бірге жемшөптің негізгі резервтерінің бірі—сабан -топан дайындау жұмысы да жақсы ұйымдастырылған. Қазір мұнда маяланған 5700 центнер сабан бар. жеткізілген. Сабан- топан малға тек, әзірленген: туралған, буландырған, нәрлендірілген және шапшаң әдіс бойынша сүрленген күйінде ғана беріледі.

Мал қыстатуды үлгілі өткізу үшін тек мал азығының мол болуы жеткіліксіз. Сонымен бірге оны норма бойынша жұмсау, малға алдын- ала әзірлеп беру және ұқыпты сақтау қажет. Бөлімше бұл жөнінде де жақсы нәтижеге ие болуда. Бөлімшеде 3000 центнерден аса концентрат құйылған болатын. Бұл ірі малдарға сабанға араластырылып, ал торпақтарға үгіліп беріледі. Бөлімшеде 11 мың центнер сүрленген жемшөп бар. Оның 3 мың центнері —турнепс. Сауын сиырлардан алынатын сүт мөлшерінің кеміп кетпесі үшін малға қазірден бастап құнарлы және сүр азық беріле бастады. Атап айтқанда, сиырларға ірі сабақты жемшөп басқа күніне 8 килограмм сүрленген азық, 6 килограмнан нәрлендірілген сабан беріледі. Фермаларда малды азықтандыру, күту және сиыр сауу жұмыстары күнделік жұмыс тәртібі бойынша жүргізіледі.

Бөлімше коллективі Конюхов ауданы «Красная крепость» ауылшаруашылық артелі мүшелерінің мал қыстатуды үлгілі өткізу, мал басын толық сақтау және оның өнімділігін онан әрі арттыруға шақырған үндеуін қолдай отырып, малды қолда күту ісін үлгілі өткізуді қамтамасыз етуде бірқатар шаралар белгіледі және оларды жүзеге асыруға кірісті.

Б. ЖАҚЫПОВ

## Жаңа жыл базары

Қалалық сауда мекемесі жақында колхоз базарында жаңа жылдық мереке алдындағы сауданы өткізеді. Мұндай сауда биыл тұңғыш рет ұйымдастырылып отыр. Ұйымдастырылатын апталық сауданың негізгі мақсаты, ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің күнделікті тұрмысына аса қажетті товарларды сатып, олардан ауылшаруашылық өнімдерін сатып алу. Сауда апталығына қаланың барлық сауда ұйымдары қатынасады. Онда өнеркәсіп және азық-түлік товарларының көптеген түрлері сатылатын болады.

Колхоз базарында қалалық сауда мекемесінен ұйымдастырылған 16 дүкен, 2 магазин және жұмысшыларды қамтамасыз ету бөлімінің 4 дүкені жұмыс істейтін болады. Ол дүкендер мен магазиндерде жергілікті өнеркәсіп орындарының, сол сияқты мемлекеттік заводтар мен фабрикалардың товар өнімдері сатылады. Атап айтқанда, фарфор ыдыстар, әшекейленген үй бұйымдары, былғары аяқкиім, тігулі киім, әртүрлі маталар, ыдысаяқтар, кроваттар тағы басқа да товарлар сатылуға көптеп шығарылады. Сатылуға шығарылатын өндірістік товарлардың жалпы сомасы 5 миллион сом болмақ.

Бұл сауда орындарында қаланың таңдаулы сатушылары жұмыс істейтін болды. Мәселен, № 6 магазинінің сатушысы, бірнеше рет мақтау грамоталарын алған Екатерина Нетисова жолдас тігулі киімдер сатады. Нетисова жолдас өзінің сауда жұмысындағы тұтынушыларға деген қарапайымдылығымен, әдептілігімен жұртшылыққа белгілі болған сатушы. Сол сияқты, № 59 магазиннің сатушылары Лайкова, Белевская жолдастар мата, үй жиһаздарымен сауда жасайды.

Қазір сатылатын товарлардың барлығы дүкендерге жеткізіліп, ол дүкендерге таңдаулы сатушылар бөлінді. Жаңа жылдық саудаға қатысу үшін облыстың колхоздары, совхоздары, сол сияқты колхозшылары, жұмысшылары мен қызметкерлері шақырылды.

К. ЕСКЕНДІРОВ.

## Жаңа машиналар алуда

Киров атындағы колхоз (Совет ауданы) өзінің қоғамдық табысының артуына байланысты еңбек процестерін жеңілдететін жаңа машиналар сатып алуда. Колхозда өткен жылы тек бір ғана жүк машинасы болатын. Ал, үстіміздегі жылы мұнда екі жүк машинасы, бір жеңіл машина бар. Мұның өзі бұрын жүк тасуға пайдаланып келген көптеген көлік күштерін басқа жұмыстарға ауыстыруға мүмкіншілік берді. Колхоз жақында тағы да бір жүк машинасын сатып алмақ.

Колхозда қоғамдық құрылыстарға да үнемі көңіл бөлініп отырылады. Колхоз басқармасы келесі жылы сауын сиырларға арнап жаңа қора, төл үйін, клуб

# Ішкі мүмкіншіліктер жете пайдаланылсын

Астанамыздың алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының бесінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты өрістетуге шақырған патриоттық бастамасы және темір жолшылардың Бүкілодақтық жиналысында қабылданған үндеу Петропавл темір жол торабының жұмысшылары мен инженер- техник қызметкерлері арасында қызу қолдау тапты. Олар еліміздің жаңашыл машинистері Блинов, Середа, Голенковтың бай тәжрибелері мен озат әдістерін өндіріске кеңінен енгізуде. Сөйтіп, халық шаруашылығына қажетті жүктер тиелген составтарды алып жүру, сапарға шыққанда жолдағы станцияларға су алуға тоқталмай өтіп, уақыттан ұту, отын қорын мейлінше көп үнемдеу жолындағы социалистік жарысты бұрынғыдан да қарқынды жүргізуде.

Паровоз депосының озат машинистерінің ауыр жүк тиелген поездарды алып Петропавл станциясынан Есілкөл, Макушин станцияларына сапарға шыққанда экипировкаға тоқталмай, ұзақ жол жүрудегі қол жеткен табыстары жол торабында отын қорын көптеп үнемдеуге мүмкіндік туғызды. Үстіміздегі жылдың өткен 11 айында жол бөлімшесінде 11867 тонна отын қоры үнемделді. Мұның өзі 2 миллион 165 мың сомды мемлекет пайдасына қалдырды. Халық шаруашылығына қажетті жүктер тасудағы социалистік жарыста машинистер Музыкин, Слюнько, Трибунский, Ахмадеев жолдастар жақсы көрсеткіштердің иесі болып келеді.

Темір жол транспортында отын қорын үнемдеу жолындағы күрес—жол торабы істеген жұмыстың нәтижесін анықтайды. Сондықтан да жол торабының әрбір бөлімдері мен мекемелерінің бұл жұмысқа тікелей қатысы болмақ. Оған мынадай мысалдарды келтіруге болады. Сапарда келе жатқан поездарға жылдамдығын кеміту үшін әрбір берілген ескертулердің өзінде локомотивтер 60- 70 килограмм, дөңес жерлерден көтерілуге 100- 200 килограмнан астам отын жағады. Ал станцияларда бөгелгенде қайта орнынан қозғалып, жоғары жылдамдық алғанша 200 килограмнан 600 килограмға дейін отын жоспардағыдан артық жағылады.

Отын қорының мұндай ысырабын кездестірмеу үшін жол торабында озат тәжрибені үйренетін мектеп ашылып, жұмыс істей бастады. Мұнда жас машинистер локомотивке отын жағудың озат әдістерін үйреніп жүр. Оларға өндірістік тәжрибесі мол Куликов, Умрихин сияқты көмекші машинистер сабақ береді. Бұл жолдастар қазірдің өзінде 115 машинисті және 114 кочегарды үйретіп шығарды. Осы мектепте тәрбиеленген Соколов, Калашников, Полянский тағы басқа жолдастар локомотивке отын жағудың озат әдісін жете меңгерді.

Жол торабындағы еңбек озаттары — машинистер Севостьянов, Демидов, Смол-

налықтарын толық пайдалана білмеуі салдарынан жол бөлімшесінде 4500 тонна отын жоспардағыдан тыс жағылып, мемлекетке 76000 сом зиян келтірілді.

Новоселов, Мирошников, Брачун жолдастар басқаратын бригадалар отынды жоспардағыдан көп жағып келеді. Мұның негізгі себептері локомотивтің техникалық күтімінің нашарлығы мен оны дұрыс пайдаланбаудың салдарынан туып отыр. Олар көмірді суламай паровоз пешіне кесегімен тастауды ежелгі дағдыға айналдырып келген. Сол сияқты, паровоз қазандарына төмен температурадағы су құюды, тағы басқа да техникалық ережелерге сәйкес келмейтін жұмыстар істеген. Онымен бірге, локомотив трубаларына 1 миллиметрден астам күйе қатпарларының жиналғанша оны тазартпауды кейбір машинистер ескермей келді. Мұның өзі де көмірді жоспардағыдан едәуір көп жұмсауға әкеліп соқты.

Еңбек өнімділігін арттыруда және отын қорын үнемдеуде паровоз қазандарының таза ұсталуының маңызы аса зор. Солай бола тұрса да, машинистер Кричиневский, Новоселов, Мазуров және Ковтун жолдастар паровоз қазандарының майлануына жол берген.

Ауыр жүк тиелген составтарды дайындау, оларды графикте белгіленген уақытта жөнелтіп және қабылдап отыруда станция кезекшілерінің атқаратын ролі де аса зор. Айта кету керек, жол торабының кезекшілері бұл маңызды міндетті әлі де болса ойдағыдай атқара алмай келеді. Жақында машинист Слюнько жолдас Макушин станциясының кезекшісі Евдокимов және Пчелинцев жолдастардан ауыр жүк тиелген состав дайындауды тілек еткен. Бірақ оның бұл тілегін станция кезекшісі орындамаған. Алайда, жұмыстың бұл саласында да елеулі кемшіліктер орын алған. Станция кезекшісі Мухин жолдас машинист Бубенчиктың жоспардағыдан артық 500 тонна жүк тиеп алып шыққан составын Мамлют және Кондратов станцияларында едәуір уақыт тоқтатып қойған.

Темір жол торабының жұмысын шұғыл жақсарту, отын қорын жоспардан тыс жұмсауды кездестірмеу күресін мейлінше пәрменді түрде жүргізу — естен шығармайтын іс. Ол үшін паровоздардың жөндеу тосып, көп тұрып қалуларына жол берілмеуі керек. № 19-3020 паровозы жөндеу тосып 12 тәулік, ал № 19-770 паровозы 13 тәулік уақыт бос тұрды. Сол мерзім ішінде бұлардың әрқайсысы ондаған тонна отынды жоспардан тыс жақты.

Жол торабының нұсқаушы- машинистерінің жұмысындағы кейбір кемшіліктерге тоқталмай кетуге де болмайды. Олар паровоздардың жылу- техникалық жағдайын жете біліп, қатаң бақылау жасап отырмайды. Соның салдарынан көптеген локомотивтердің техникалық ақауы бола тұрса да, дереу жөндеуге қоймайды. № 19-158 паровозы (ма-

рылған. Мұнда барлық мал жылы, жапты қораларда күтіледі. Оларды азықтандыру, суару әрбір ферма бойынша жасалған жұмыс күні тәртібі бойынша жүргізіледі. Малға жемшөп күн сайын өлшеніп беріледі.

Колхоз зоотехниті Жүнісов жолдас фермаларда күн сайын болып тұрады. Ол мал өсірушілерге көмектеседі, малды күтіп, азықтандыру жөнінде оларға зоотехникалық кеңес береді. Әсересе қоңы төмен малдарды күтіп бағуды дұрыс ұйымдастыруға ерекше назар аударып отырады.

Мал өсірушілер өздеріне бекітіліп берілген малды күтіп бағуға жауаптылықпен қарайды. Міне, осылардың нәтижесінде колхоз фермаларындағы барлық мал жақсы қыстатылып келеді. Малдың қоңдылығы ойдағыдай, әсересе сауын сиырлардың қоңы жоғары.

Даладағы шөпті мал қоралары жанына тасу жұмысы тракторлармен жүргізіледі. Бұл жұмыстағы тракторшы Кәтібаев, Кібіжанов жолдастар күн сайын 1,5—2 норма орындайды.

**Ж. ӘБДРАХМАНОВ.**

## Мал өсірушілердің мәдени қажеті

Преснов ауданы, «Сталин жолы» колхозының бригадалары мал қыстату маусымының алғашқы күнінен бастап іске үлкен дайындықпен келгендігін байқатты. Мұнда мал қыстатуға қажетті жемшөп толық әзірленген. Оның 85 проценті мал қоралары жанына тасылып жеткізілді.

Колхоздың мал фермаларына көптен мал шаруашылығында істеп келе жатқан озат колхозшылар бекітілді. Кәзір мал қыстатуды үлгілі өткізу үшін колхоздың кәрі- жасы бірдей аянбай еңбектенуде. Атап айтқанда, 65 жастағы қарт Саду Жұмабаев, 60 жастағы қарт Омар Әбішов жолдастар да бұл салада әлі еңбек етуге құштар екендіктерін білдірді. Оларға 54 ірі қарамал бекітілген. Қой күтуде Әбіл қарт 1949 жылдан бері істеп келеді.

Мал өсірушілер қарауындағы малдардың қыстан түгел қоңды шығуын қамтамасыз ету үшін оларды күтудің зоотехникалық ережелерін толық іске асырды. Азықтың әртүрлі болуын және нормалы мөлшерде берілуіне мұқият зер салуда.

Амал қанша, колхоз басқармасы мен бастауыш партия ұйымы шет фермаларда жұмыс істеуші колхозшыларды мәдени жағынан қамтуға жеткілікті көңіл бөлмейді. Колхоздың мүмкіншілігі бола тұрса да, фермалардағы малшылар үйіне әлі радио орнатылмаған. Ал газет, журналдар жол- жөнекей жолаушылар арқылы ғана жіберіледі.

Мал шаруашылығында шешуші роль атқаратын мал өсіруші кадрлардың өскелең мәдени қажетін өтеуді колхоз басқармасы мен бастауыш партия ұйымдары өздерінің ең қадырлы міндеттері екенін ұмытпауға тиіс.

**В. ЧЕРНИКОВ.**

лап отыр. Бұл құрылыстар үшін 601 мың сомнан астам қаржы бөлінген.

**Қ. ЖҰМАШКИН.**

## Колхоздың қоғамдық байлығы өсуде

Конюхов ауданындағы Коминтерн атындағы колхоз быйыл жүздеген гектар тың игеріп, оған бітік егін өсірді. Тыңға өскен егіннің әрбір гектарынан 18-20 центнерден, ал колхоздың № 3 дала бригадасы 200 гектар тыңның әрбір гектарынан 25 центнерден өнім алды.

Бітік өскен егін мемлекетке 18 мың пұт астық сатуға, колхозшылардың еңбеккүніне 3 килограмнан бидай беруге мүмкіндік берді. Тек быйылғы жылдың өзінде ғана колхоз егін шаруашылығынан түскен кіріс есебінен еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыратын механизмдер, 4 жүк машинасын сатып алды. Кәзір колхозда 7 машина бар.

**Р. ДӘУІРОВ.**

ков, Леонтьев жолдастардың халық шаруашылығына қажетті жүктер тасудағы және жолаушылар поездарын алып жүрудегі, сондай-ақ локомотивтің техникалық күтімін жоғары ұстау, отын қорын үнемдеудегі озат әдістері депоның барлық машинистеріне кең таратылуда.

Паровоз депосының озат машинистер еңбек өнімділігін арттыру жолында творчестволықпен еңбек етіп, жаңашыл әдістерді іздеп табуда. Сол өндіріс озаттарының қатарына машинистер Фоменко, Маногин, Скляр тағы басқа жолдастар қосылады. Бұлар жол бөлімшесінде отын үнемдеу жолындағы жарыста үнемі алда келеді.

Темір жол бөлімшесінде отын қорын үнемдейтін көптеген паровоз бригадаларымен бірге өндірісте алған міндеттемелерін орындай алмай, жоспардағыдан көп отын жағып, мемлекетке зиян келтіріп жүрген бригадалар және жекелеген машинистер әлі де болса кездесуде. Машинистер Колмогорцев, Косарев, Ветлов жолдастардың әрқайсысы берілген жоспардағыдан тыс 30-40 тоннаға дейін көмірді артық жақты. Олардың жұмысқа жауапсыз қарап, өндіріс техникасы машинисі Хроменко жолдас) 3 ай бойына жоспардан артық отын жағып келген. Оның себебін ешкім зерттеп білмеген. 3 ай уақыт өткеннен кейін ғана паровоздың жылу- техникалық ақауы бар екені анықталған.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктерді шұғыл жою —еңбек өнімділігін арттырудағы мол резерв болып есептеледі. Сондықтан да Отандық жаңа техника мен озат технологияны өндіріске тиімді пайдаланып, көмекші процестерді механикаландыру әдісін қажырлылықпен енгізу, өндірісті және жұмысшылардың еңбегін жақсы ұйымдастыру қажет. Бұл жағдай халық шаруашылығына қажетті жүктерді мейлінше көп және мерзімінде тасуды, сондай-ақ жолаушылар поездарын графикте белгіленген уақытта қабылдап, жөнелтіп отыру ісін ойдағыдай жақсартуға мүмкіндік тудырады. Міне, бұл міндеттерді абыроймен орындап шығу жолында және СССР-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындап шығу жарысы бұл күндері жол торабында кең өріс алуда.

**Ж. САПАРҒАЛИЕВ.**

# Совхоздың рентабельділігін арттыру жолындағы күрес

Киров атындағы совхоз бірнеше жылдан бері шаруашылықты өркендетудің мемлекеттік жоспарларын орындай алмай келді. Өнімнің өзіндік құны жоғары болды. Елімізге астықты, етті, сүтті, жүнді және басқа малшаруашылық өнімдерін аз тапсырды. Мәселен, 1951, 1952, 1953 жылдары 1 центнер астықтың өзіндік құны —1,5 есе, шошқа етінің өзіндік құны —1.7 есе жоспардағыдан қымбат болды.

Өнімнің өзіндік құнының мұндай жоғары болуының себебі совхозда агротехникалық және зоотехникалық ережелердің дұрыс сақталмауынан, астық және мал шаруашылықтарын өркендету ісіне ғылым мен озат тәжрибенің табыстары нашар енгізілуінен болып отыр. Совхозда 3200 гектардан астам жайылымдық жер бар. Бұл участок малазықтық дәнді дақылдар егуге мүлдем пайдаланылмай келді. Ол жерлерді өңдеу жұмысы жүргізілмеуінен табиғи шөп те нашар өсті. 21450 гектар егістікке жарамды жерлердің де едәуір бөлегі пайдаға асырылмады. Егінді мол екті деген үстіміздегі жылдың өзінде, бұл жердің 10.368 гектарына ғана ауылшаруашылық дақылдары егілді, ал азық-түліктік аса бағалы дақыл —жаздық бидай егісінің көлемі—8581 гектар ғана болды. Егістік жердің көп бөлегіне көпжылдық шөп егіліп жүрді, одан жыл сайын өнім өте- мөте аз алынып келді. Дәнді, техникалық дақылдардың, картоптың, овощтың өндірісін ұлғайту ескерілмеді.

СОКП Орталық Комитетінің февраль-март Пленумдары совхоздардың шаруашылығын өркендетудегі мұндай кемшіліктерді атап көрсетумен бірге бұл кемшіліктерді жоюдың нақтылы шараларын белгілеп берді. Сондай-ақ партия, совет және шаруашылық органдарына совхоздардың жұмысын негізінен жақсарту, ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын, мал шаруашылығының өнімділігін арттыру, осының негізінде мемлекетке астық, ет, сүт, жүн және басқа ауылшаруашылық өнімдерін тапсыруды шұғыл көбейту, өнімнің өзіндік құнын мықтап кеміту, әрбір совхоздың рентабельді жұмыс істеуін олардың үлгілі, мол товарлы шаруашылыққа айналуын қамтамасыз ету міндетін қойды.

Совхоз коллективі партиямыз бен үкіметіміз алға қойған бұл зор міндеттерді мүлтіксіз жүзеге асыруды өздерінің құрметті борышы деп санайды. Сондықтан да олар совхозды ұйымдық- шаруашылық жағынан нығайтудың бірқатар шұғыл шараларын белгілеп, оны жүзеге асыру жолында жанаямай еңбек етіп келеді.

Олар ең алдымен бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің негізі —астық өндірісін өркендетуді шұғыл қолға алуда. Келесі жылы совхозда дәнді дақылдар (әсересе бидай мен малазықтық дәнді дақылдар) егісінің көлемі быйылғыдан 15 процент арттырылатын болады. Егіс көлемін ұлғайту негізінен көпжылдық шөп егістерін азайту есебінен жүргізіледі. Егін шығымдылығын арттыру мақсатымен 1955 жылы 2000 гектар алаң қыртысы аударылмай терең жыртылады. Тұқым себу мерзімін өзгерте отырып, бұл участокке жаздық бидай егіледі.

Совхоз үстіміздегі жылы мемлекетке астықты 1953 жылғыдан 31.770 пұт артық өткізді. Әрбір сиырдан сауылған сүт мөлшері 2000 килограмға жуықтады, әр қойдан қырқылып алынған жүн—3,9 килограмға жетті. Мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жоспарлары толық және асыра орындалды. Бұл— үстіміздегі жылы совхоз коллективінің егін шығымдылығын арттыру, мал басын көбейту, оның өнімділігін арттыру жолындағы қажырлы еңбектерінің нәтижесі.

Келесі жылы мал жайылымдық участоктерін пайдалануды жақсарта түсу, сүрленетін дақылдар, көкшөп, тамыржемістер егістерінің көлемін едәуір ұлғайту көзделіп отыр. Бұл шаралардың жүзеге асырылуы әрбір ірі мал үшін 30 центнер шөп, 12 центнер тамыржеміс, 10 центнер концентрат, 60 центнер көкшөп және әрбір сиырға 50 центнер сүрленген азық дайындауға мүмкіндік береді. Мұның өзі әрбір сиырдан кемінде 3.000 килограмм сүт сауууды, әрбір қойдан 5 килограмм жүн қырқуды, төлдің тәуліктік салмақ қосуын едәуір арттыруды қамтамасыз етеді.

Совхоз механизаторлары техника қуатын өнімді пайдалану жөнінде де айтарлықтай табыстарға ие болуда. Мәселен, быйыл тракторшы В. Клюстер жолдас «СТЗ—НАТИ» тракторымен 680 гектар жер жұмыстады. Г. Родин жолдастың «С—60» тракторымен жұмыстаған жері —982 гектар болды. И. Мелешин жолдастың комбайн агрегаты тіркеудегі екі «Сталинец-6» комбайнымен 13,5 жұмыс күні ішінде 713 гектар егін жиынап, мыңдаған центнер астық бастырды. Социалистік Еңбек Ері, комбайншы Мәдібаев жолдас басқарған агрегат тіркеудегі екі «Сталинец-6» комбайнымен 13 жұмыс күні ішінде 607 гектар егін жиынап, 6.000 центнерден астам астық бастырды.

Мал шаруашылығы саласындағы жұмысшылардың да елеулі табыстары бар. М. Гальчуков жолдас басқаратын сиыр табынының коллективі әрбір сауын сиырдан он ай ішінде 2004 килограмм сүт алды. Ал осы табындағы озат сауыншы З. Бабасанова жолдас өзіне бекітіліп берілген сиырлардың әрқайсысынан 2130 килограмм сүт сауууға жетісті. Бұзау күтуші Э. Шаеер жолдас 194 бұзауды шығынсыз өсірумен бірге, олардың тәуліктік салмақ қосуын 800 грамға жеткізді. Кәзір мал өсірушілер малды қыстатуды үлгілі өткізуге зер салуда. Барлық мал жақсы жабдықталған жылы қораларда күтіледі. Оларды азықтандыру зоотехникалық- малдәрігерлік ережелерге сәйкес жүргізіледі. Мұның бәрі мал басын онан әрі көбейтіп, оның өнімділігін арттыра беруге жағдай жасайды.

Совхоздың рентабельдігін арттыру, оны үлгілі, мол табысты шаруашылыққа айналдыру жолындағы совхоз коллективінің күресін ұйымдастыруда және бастауда совхоз партия ұйымы үлкен роль атқарып келеді. Партия ұйымы әрбір маусымдық жұмыс кезінде коммунистерді шаруашылықтың ең жауапты участоктеріне жібереді. Кәзір партия ұйымы негізгі назарды мал қыстатуды үлгілі өткізуге, тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын тез және сапалы жөндеуге, қысқы агротехникалық шараларды мүлтіксіз жүзеге асыруға аударуда. Міне бұл жұмыстарда да коммунистер үлгілі еңбек етумен бірге, басқаларды өнімді еңбекке жігерлендіруде. Осының нәтижесінде совхоздың жөндеуші- механизаторлары тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарды жөндеудің төртінші тоқсандық жоспарын мерзімінен бұрын және жоғары сапада орындады. Сөйтіп жаңа жылға дейін кемінде бес тракторды, басқа да көптеген ауылшаруашылық машиналарын жөндеуге міндеттеніп, ол міндеттемелерін абыроймен орындап келеді.

**Ө. ЖАНПЕЙІСОВ,**

**Қазақстан КП Совет аудандық комитетінің совхоздар аймағы жөніндегі секретары.**

## Колхоздағы құрылыстар

Ленин ауданындағы «Новый путь» ауылшаруашылық артелінде құрылыс жұмыстары үшін арнаулы құрылыс бригадасы бөлінген болатын. Бригаданы тәжрибелі колхоз шебері Андрей Мутик жолдас басқарады. Бригада 130 бастық стандартты сиыр қорасын салуды ойдағыдай аяқтады. Қора жеке-жеке бөлмелерге бөлінген. Сауылған сүтті қабылдайтын арнаулы үй, 150 бас төл тұратын үй салынды. Бұл қораларда кәзір 925 бас ірі қарамал, 170-тен астам шошқа және 1500 бас құс тұрады.

Быйылғы құрылыс жұмыстарының ең күрделісі—колхоздың төрт бөлмелі кеңсесі мен 200 адамдық клуб үйі. Олардың іші-сырты ағартылған, төбелері шифермен жабылған. Мұнымен қатар, малшыларды мәдениетті қамту мақсатымен фермаларда қызыл бұрыш ашылды.

—Үстіміздегі жылы,—дейді колхоз председателі Черняев жолдас,—біздің колхозда құрылыс жұмыстарына быйыл 800 мың сомнан астам қаржы жұмсалды. Ал колхоз басқармасы алдағы жылы да 200 бас қарамал үшін екі қора, сыйымдылығы 20 мың тонналық астық қоймасын, астық үшін төрт жаппа және басқа объектілерде құрылыс жұмыстарын ұйғарып отыр. Бұл үшін қажеті құрылыс материалдары кәзірдің өзінде дайындала бастады.

**Р. ҚАСЕНОВ.**

* * *

Калинин атындағы ауылшаруашылық артелінде (Преснов ауданы) үстіміздегі жылы төрт бөлмелі жаңа мектеп үйі салынды. Колхозда бұдан басқа құрылыстар салу да кең көлемде жүргізілуде. Мәселен, оқу және көрушілер залы бар 300 адамдық орны бар жаңа клуб пайдалануға берілді. Клубтың бір бөлмесінде кітапхана бар. Сол сияқты құрылысшылар төрт стандартты мал қорасын салудың құрылысын да аяқтады. Мұның екеуі— сиыр қорасы. Олар жеке- жеке клеткалар мен профилактикалық бөлмелерге бөлінген. Жаңа туған төлдерді қабылдайтын 50 бастық арнаулы төл үйі жабдықталды.

Колхозда быйыл қамыстан 200 бастық стандартты қарамал қорасы салынды. Колхоз басқармасы алдағы жылы кеңсе үйі мен 9 киловаттық күші бар селолық электростанция салуды жоспарлап отыр. Ол үшін кәзірдің өзінде генератор сатып алынды.

**Р. ӘНУӘРБЕКОВ.**

## КӨМЕК КӨРСЕТТІ

Майбалық машина-трактор станциясының коллективі үстіміздегі жылы Благовещенка онжылдық мектебіне үлкен көмек көрсетті. Олар мектеп үшін арнаулы 4,5 киловаттық күші бар электр станциясын орнатты. Осының нәтижесінде мектептің барлық кластарына электр жарығы берілді. Мұнда барлығы 35-ке жуық электр шамдары орнатылған.

Кәзір оқушылар электр станциясының қуаты арқылы физикалық кабинетте түрлі тәжрибе жұмыстарын өткізеді. Мектепте «Жас тракторшылар», «Электр монтерлары» үйірмелері ұйымдастырылды. Бұл үйірмелерді МТС-тің инженері Тришкин және механик Шкрепко жолдастар басқарады. Үйірмелерге 50-ден астам оқушы қатысады. Кәзір үйірме мүшелері электр моторы және генераторлардың құрылысын оқып үйренуде. Ал жас тракторшылар үйірмелерінің мүшелері «СХТЗ» тракторының моторын оқып жүр.

**У. РАХМЕТОВ.**

## Берлиннің демократиялық баспасөзі И.В. Сталиннің туғанына 75 жыл толуы жөнінде

БЕРЛИН, 21 декабрь. (СОТА). Берлиннің демократиялық баспасөзі И. В. Сталиннің туғанына 75 жыл толуын кеңінен атап өтуде. «Нейес Дейчланд», «Берлинер Цейтунг», «Нейе Цейт», «Дер Морген», «Бауэрн-Эхо», «Юнге Вельт» және басқа газеттер И. В. Сталиннің өмірі мен қызметіне арналған редакциялық мақалалар мен басқа да материалдарды жариялады. Баспасөз И. В. Сталинді Лениннің ісін ұлы алға алып барушы деп сыйпаттап, И. В. Сталиннің бейбітшілік үшін халықтардың күресіндегі, Герман мәселесін әділеттілікпен шешудегі зор еңбегін атап көрсеткен. Көпшілік газеттер И. В. Сталиннің «Егер халықтар бейбітшілікті сақтау ісін өз қолдарына алып, оны аяғына дейін қорғайтын болса, бейбітшілік сақталады, нығаяды» деген сөзін келтіруде.

«Берлинер Цейтунг» газеті И. В. Сталиннің айтқандарына сүйене отырып, екі системаның —социалистік және капиталистік системаның бейбітшілікпен қатар өмір сүре алатындығын атап көрсеткен және «күштеу саясаты» мен соғыс әзірлеуді жақтаушылардың екі системаның қатар өмір сүре алмайды деген сөздерін әшкерелеген.

Потсдам кеңесінде, деп жазады «Бауэрн—Эхо» газеті, И. В. Сталин біртұтас, демократиялық, бейбітшілік сүйгіш және тәуелсіз Германияның құрылуын жақтаған. Неміс халқының оған борыштылығы сол, Потсдам келісімі Германияны біріктіру үшін негіз болып табылады.

«Нейес Дейчланд» газетінің хабар етуіне қарағанда, И. В. Сталиннің туғанына 75 жыл толуына байланысты Диц-Ферлаг баспасы И. В. Сталин шығармаларының 12-ші томын, сонымен бірге «И. В. Сталин бейбітшілік үшін күресте» деген жыйнақ басып шығарған.

### ВЕНГЕР ХАЛҚЫ И. В. СТАЛИННІҢ ТУҒАНЫНА 75 ЖЫЛ ТОЛУЫН АТАП ӨТУДЕ

БУДАПЕШТ, 21 декабрь. (СОТА). Орталық газеттер бүгін И. В. Сталиннің туғанына 75 жыл толуына арналған материалдар жариялауда.

«Сабад неп» басмақаласында маркстік-лениндік теорияны өрістету мен совет мемлекетін нығайтудағы И. В. Сталиннің ролін атап көрсетеді.

### «ТЮЭКАНСАН САНОМАТ» И. В. СТАЛИННІҢ ТУҒАНЫНА 75 ЖЫЛ ТОЛУЫН АТАП ӨТКЕН

ХЕЛЬСИНКИ, 21 декабрь (СОТА). И. В. Сталиннің туғанына 75 жыл толуымен байланысты «Тюэкансан Саномат» газеті «Иосиф Сталин—Лениннің ісін ұлы алға алып барушы» деген тақырыпта мақала жариялаған. Мақалада И. В. Сталиннің қызметі туралы, оның марксистік-лениндік теорияға қосқан үлесі туралы, Совет Одағының қуатты социалистік державаға айналғаны туралы, Совет Одағының бейбітшілік саясаты туралы айтылады.

## Герман Демократиялық Республикасы Ішкі істер министрлігінің хабары

БЕРЛИН, 22 декабрь. (СОТА). АДН агенттігі бүгін ГДР Ішкі істер министрлігінің мынадай хабарын берді:

1954 жылғы 16 декабрьде Берлиннің демократиялық секторына «Ведомства Бланка» барлау бөлімінің бұрынғы басшысы Фридрих Гейнц пен барлау қызметін жүргізетін Батысберлиндік «Ведомства Бланканың» бұрынғы басшысы Яков Кольб келген. Олар Герман Демократиялық Республикасының мемлекеттік органдарынан баспана беру туралы өтініп, сонымен бірге «Ведомства Бланканың» жасырын мекемесі мен Геленнің шпиондық ұйымының жасырын жұмысы туралы едәуір документтер тапсырды.

Баспана беру туралы өздерінің өтінішін олар өздерінің Аденауэр саясатымен бұдан былайғы жерде келіспейтіндіктері үшін қуғынға ұшырағандықтарымен дәлелдеді.

Герман Демократиялық Республикасының органдары аты аталған адамдардың өтініштерін қарап, Кольбаға баспана берді. Ал Гейнцке келетін болсақ, оған ГДР-де баспана берілмеді, өйткені ол Германияның мемлекеттік қайраткері Эртцбергер мен Веймар республикасының бұрынғы сыртқы істер министрі Ратенауға қастандық әзірлеуге қатысқан болатын.

## Бейбітшілік сүйгіш халықтардың бірлігі—бейбітшілікті сақтаудың кепілі

ДЖАКАРТА, 21 декабрь. (СОТА). Индонезия баспасөзі герман милитаризмін тудыруға бағытталған АҚШ пен басқа да Батыс державаларының саясатына байланысты тынышсызданғандық білдіреді. Бұл хауіптің алдында «Хариан Ракьят» газеті қырағылыққа және бейбітшілікті жақтаушылар майданын нығайтуға ша- арандатушылық әрекеттері туралы еске салады. «Қазір,—деп жазады газет, — АҚШ-тың отпен ойнап отырғанын, оның бейбітшілікке атом бомбасымен хауіптендіріп отырғанын әрбір адам көруде. Бірақ халықтардың бейбітшілікке деген еркінің жеңілмейтіндігін АҚШ біліп қойсын».

### АНГЛИЯНЫҢ ЛОРДТАР ПАЛАТАСЫНДА

ЛОНДОН, 22 декабрь. (СОТА). Кеше лейборист Лорд Стэйсгейт лордтар палатасында неміс самолеттерінің франколық Испанияда шығарылуы жөнінде тынышсызданғандық білдірген.

Пресс Ассошиэйтид агенттігінің хабар етуіне қарағанда, Стэйнсгейт бұрыннан белгілі болған немістің Дорнье, Юнкерс, Фокке- Вульф, Мессершмит және Хейнкель сияқты фирмаларын біріктіретін «Аэроп Унион» бірлестігінің басшылық етуімен Мадридте «ДО-25» самолеттерінің шығарылуы жөніндегі хабарлар жайында хабарлауды сұрады. Стэйнсгейт бұл машиналардың шығарылуы мен олардың бұдан былай да жетілдіре берүі Париж келісімдерін бекітуден кейін қандай ғана дәрежеде болмасын бақылауға, я болмаса тексеріске алына ма, деп сұрады.

Сыртқы істер жөніндегі мемлекеттік министр лорд Рединг былай деп мәлімдеді: оған белгілі болғанындай, бұл самолеттің алғашқы үлгісі үстіміздегі жылдың июлінде алғаш рет ұшқан болатын. Рединг Испанияда бұл самолеттердің жасалуы мен жетілдірілуін қазіргі уақытта да, Париж келісімдері күшіне кіргеннен кейін де бақылауға алуға болмайды, өйткені Испания Париж келісімдеріне қатыспайды, —деді.

Бұл сияқты жауап жөніндегі өзінің тынышсызданатындығын айта келіп Стэйнсгейт былай деді: «Германияны қайтадан қаруландыруды бақылау системасында бұлтарыс жолдар бар, ол Европаның соғыс қару- жарақ системасында Германияны тиісті орында ұстап тұрғысы келетіндердің назарын аударуға тұрарлықтай».

### ИНДИЯНЫҢ БИРМАМЕН ШЕКАРАСЫНДАҒЫ АМЕРИКАНДЫҚТАРДЫҢ ТІМІСКІЛЕНУШІЛІКТЕРІ

ДЕЛИ, 21 декабрь. (СОТА). Соңғы уақыттарда шетелдік баспасөздерде Индияның, Бирманың және Қытайдың шекараларының түйіскен аудандарында американдықтардың күдікті әрекеттері туралы хабарлар пайда болды. Бұл аудандарда Нага тайпасы қоныстанған, тайпа көсемдерінің бірі Хонгкин бастаған ақсүйек феодалдар «Наганың федеративтік республикасы» деп аталатынды құру үшін сепараттық қозғалыс ұйымдастыруда.

«Дели Таймс» газетінің хабар етуіне қарағанда, Бирма территориясындағы Нага тайпасы қоныстанған аудандарға «медициналық отрядтар» және ауыл шаруашылығы жөніндегі «мамандар» деген атпен таңдап алынған американдық арнаулы агенттер жіберілген, олар бұл сепараттық қозғалысты тұтандыра түсуге тиіс. Хонгкиннің өзі де АҚШ-та арнаулы мектептен өткен. Сепаратты қозғалыстың лидерлері Бирмадағы гоминдандық әскерлермен байланыста. Олар гоминдандық әскерлерден Америкада шығарылған қаруларды алады. Газет Нага тайпасының қозғалысына Бирмадағы американ елшісі Себелдтің үлкен назар аударатындығын

## Францияның Ұлттық жыйналысында

ПАРИЖ, 21 декабрь. (СОТА). Ұлттық жыйналыстың бүгін таңертеңгі мәжлісі финанс комиссиясының баяндамашысы Лиотэнің сөз сөйлеуімен басталды. Жұртқа мәлім, финанс комиссиясы Париж келісімдерін бекітудің жобасын қабылдамаған болатын.

Лиотэ Батыс Германияны жедел қаруландыру Европаның жанталаса қарулану жолына кіреді және өте қатерлі хауіп болады деп мәлімдеді. Финанс комиссиясы, деді бұдан әрі ол, «Европалық қару- жарақ бірлестігі» деп аталғынан француз кәсіпорындары үшін туатын хауіпті зардаптарды да ескермей отыра алмайды. Финанс комиссиясы, деді Лиотэ, Батыс Германияны қаруландыру және оны Атлантика блогіне қабылдау туралы генерал Биоттің баяндамасына қарсы шықты.

Ал, Бонн келісімдері жөніндегі Изорнидің баяндамасын (оккупациялық статутты жою дейтін туралы) алатын болсақ, деді онан әрі Лиотэ, финанс комиссиясы оны мақұлдады. Бірақ комиссия репарациядан бастарту жөнінде елеулі ескертпелер жасады. Өйткені гитлерлік шапқыншылықтың салдарынан Франция зор шығынға ұшырады.

Лиотэ Франция мен Батыс Германия арасындағы Саар жөніндегі мәселе реттелгенге дейін Саар проблемасы жөніндегі айтыстарды кейінге қалдыруды ұсынды. Француз- герман келісімдерінде белгіленген Саардың қазіргі статуты, деді баяндамашы, Францияның экономикалық позицияларын әлсірету хауіпін туғызады. Бұл Батыс Германия үшін үлкен басымдылық жағдай жасайды.

Париж келісімдерін бекітуді жақтаған өнеркәсіп өндірісі комиссиясының атынан социалист Лапи сөйледі. Ол «ымырашылдық рухындағы» позицияны ұстау қажеттігін айтып, Париж келісімдері осы ымыраға келу болып табылады -мыс деп сендіруге тырысты. Оның сөзі негізінен «европалық қару-жарақ бірлестігіне» арналды; оны құру Париж келісімдерінде көзделген болатын. Лапи Париж келісімдерін бекіту қажет екенін. бұл келісімдер Европаны біріктіру үшін жаңа жол ашады-мыс, Француз -герман «келісуін» жеңілдетеді және Франция үшін «қажетті кепілдіктер» берілуін қамтамасыз етеді-міс деген пікірлермен дәлелдеуге тырысты. Бұдан кейін, «әлеуметтік республикашыл» Девина баяндама жасады, ол теңіздін аржағындағы территориялардың істері жөніндегі комиссияның атынан Париж келісімдерін бекітуді жақтады. Ол «Европалық қорғаныс бірлестігінің» жобасына қарағанда, Париж келісімдері Францияның теңіздің аржағындағы жерлері үшін және француз армиясының бірлігі үшін хауіпті емес деді.

Бұдан соң пенсия және бұрынғы жер аударылғандардың мәселелері жөніндегі комиссияның баяндамашысы «әлеуметтік республикашыл» Форсинальға сөз берілді. тоқталды. Ол қайта өзгертілген Бонн келісімдеріндегі Франция үшін және Европадағы бейбітшілік үшін хауіпті жасыруға барлық күшін жұмсап бақты.

Тұтас алғанда Париж келісімдері сияқты, өзгертілген Бонн келісімдерін Изорни «Атлантикалық саясаттан сөзсіз туатын нәтиже» деп сипаттады. Ол Париж келісімдерін бекітуді талап етіп, егер бекітілмесе «Франция өзінің беделінен айырылады-мыс» деді.

Сыртқы істер комиссиясының екінші баяндамашысы Бандру өзінің баяндамасын Саар проблемасына арнады. Оның баяндамасы комиссияда Бонн үкметінің Саар мәселесіндегі позициясынан туған өте тынышсызданудың салдарынан бекітілгенін ол мойындады. Ол Батыс Германияның «бұл жөнінде әлі де болса түсінгендік білдірмей отырғанына» қынжылғандық білдірді, сонымен бірге Саар жөніндегі, француз- герман келісімдері қазірдің өзінде француз жағы белгілеген шеңберден асып кетіп отыр, «тіпті келісімдердің мәнісін ашу сияқты жаңадан ымыраға келудің қандайы болса да өз мүдделерімізден бастартуға тең болар еді» деп атап көрсетті.

Ұлттық қорғаныс комиссиясының баяндамашысы радикал Бадидің сөйлеген сөзін депутаттар зор ынтамен тыңдады Бұл комиссия Париж келісімдері жөніндегі айтыстарды кейінге қалдыруды жақтағаны мәлім. Бади Батыс Германияны қаруландыру туралы келісімдер Франция үшін үлкен хауіп болып табылады деп атап көрсетті. «Бізден, — деді ол, — Франция мен Европаның тағдырын өзгерте алатын өте-мөте елеулі қарар қабылдауды талап етуде... Француз- Совет Договорына қол қойылғаннан кейін 10 жылдан соң үкметтің осы келісімдерді жасау инициативасын өзіне дұрыс деп табуы тіпті құлақ естімеген таңқаларлық іс. Германияны қаруландырудан басқа ешнәрсе таба алмау, бұл мүлдем ақылға сыймайтын іс».

Бади, оның пікірі бойынша, зейін сала, мұқыят және егжей- тегжейіне дейін қарауды талап ететін Париж келісімдерін бекіту ісінде үкметтің асығып- аптығуына таңданғандық білдірді.

Бұдан әрі баяндамашы мынаны атап көрсетті: Париж келісімдерін бекіту қазіргі заманғы қару- жарақпен қаруланған батысгерман дивизиялары француз дивизияларынан едәуір күшті болып отырған уақытта Францияны жанталаса қарулану жолына итермелеп, қосымша соғыс шығындарының ауыртпашылығын туғызар еді.

«Осындай жағдайда Париж келісімдерін бекітіп, Германияға армия құруға праз0 беру, —деді онан әрі Бади, — қатерлі болмағанның өзінде, уақытынан бұрын істелген іс болар еді. Ұлттық қорғаныс комиссиясы ұсынып отырған айтыстарды кейінге қалдыру бізге Францияның болашағына қатысы бар қарарды асығыс

### ГЕРМАН ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ МӘЖЛІСІ

БЕРЛИН, 21 декабрь. (СОТА). «Нейес Дейчланд» газетінің хабар етуіне қарағанда, кеше Берлинде Герман Демократиялық Республикасы Министрлер Советінің мәжлісі болып, онда 1955 жылға жасалған халықшаруашылық жоспары талқыланған. Министрлер Советі халықшаруашылық жаңа жоспарды Герман Демократиялық Республикасы халық палатасының талқылауы мен бекітуіне беруге қарар қабылдады.

1955 жылға жасалған халықшаруашылық жоспарын сыйпаттап Министрлер Советінің мәжлісінде мемлекеттік жоспарлау комиссиясының председателі Бруно Лейшнер сөз сөйледі. Ол 1955 жылға жасалған халықшаруашылық жоспарын жүзеге асыруда басты міндет еңбек өнімділігін арттыру мен өндірістің рентабельділігі үшін, сонымен бірге көпшілік тұтынатын товарларды шығаруды бұдан әрі де ұлғайтуға көмегін тигізетін экономия тәртібін сақтау үшін табандылықпен күрес жүргізу болып табылатындығын атап көрсетті.

Редактордың орынбасары **Ғ. НҰРМОЛДИН.**

### ССРО ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӨРКЕНДЕТУДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЗАЕМЫНЫҢ

**(1953 жыл шығуы) екінші ұтыс тиражының салыстыру ТАБЛИЦАСЫ**

**Тираж 1954 жылғы 12 декабрьде Орел қаласында өткізілді.**

Заемның барлық разрядындағы сериялар мен облигациялардың мына номерлеріне ұтыстар шықты.

| Серия №№ | Облигация №№ | Ұтыс мөлшері сом есебімен | Серия №№ | Облигация №№ | Ұтыс мөлшері сом есебімен |
|---|---|---|---|---|---|
| 140082 | 1—50 | 200 | 149064 | 1—50 | 200 |
| 140095 | 1—50 | 200 | 149095 | 1—50 | 500 |
| 140109 | 1—50 | 200 | 149171 | 1—50 | 200 |
| 140154 | 1—50 | 200 | 149538 | 1—50 | 200 |
| 140293 | 1—50 | 200 | 150450 | 1—50 | 200 |
| 140336 | 46*) | 1.000 | 150452 | 1—50 | 200 |
| 140433 | 1—50 | 200 | 150490 | 06*) | 1.000 |
| 140503 | 07*) | 1.000 | 150625 | 41*) | 1.000 |
| 140564 | 39*) | 5.000 | 150665 | 10*) | 1.000 |
| 140568 | 1—50 | 500 | 150739 | 49*) | 5.000 |
| 140577 | 46*) | 1.000 | 150761 | 1—50 | 200 |
| 140809 | 1—50 | 200 | 150928 | 38*) | 5.000 |
| 141134 | 1—50 | 200 | 151107 | 1—50 | 200 |
| 141135 | 45*) | 1.000 | 151112 | 14*) | 1.000 |
| 141296 | 1—50 | 200 | 151114 | 1—50 | 200 |
| 141632 | 1—50 | 200 | 151300 | 1—50 | 200 |
| 141646 | 1—50 | 200 | 151320 | 16*) | 1.000 |
| 141675 | 38*) | 1.000 | 151380 | 1—50 | 200 |
| 141727 | 1—50 | 200 | 151436 | 05*) | 1.000 |
| 141800 | 1—50 | 200 | 151741 | 1—50 | 200 |
| 142047 | 1—50 | 500 | 151767 | 17*) | 1.000 |
| 142062 | 1—50 | 200 | 151958 | 1—50 | 200 |
| 142176 | 21*) | 1.000 | 152014 | 22*) | 1.000 |
| 142308 | 31*) | 1.000 | 152031 | 1—50 | 200 |
| 142314 | 1—50 | 200 | 152070 | 1—50 | 200 |
| 142525 | 1—50 | 200 | 152091 | 1—50 | 200 |

кырады. «АКШ-тың агрессиялық ниеті, —деп жазады «Хариан Ракьят» газеті, —кәзір тек саяси мәселелерден түсінігі бар адамдарға ғана белгілі болып отырған жоқ, сонымен бірге барлық қарапайым адамдарға белгілі.

«Хариан Ракьят» соңғы уақыттарда АКШ-тың Европа мен Азияда жүргізген

Бүкіл дүние жүзінің адамдары, деп жазады бұдан әрі «Хариан Ракьят», тығыз топтасуда, АКШ-тың агрессиялық саясатына қарсы шығуда. Москва Кеңесі Берлиннен Пекинге дейінгі тұратын бейбітшілік сүйгіш халықтардың бірлігін түсіндіре көрсетіп беру болып табылады, деп жазады бұдан әрі газет.

лы АКШ-тың мемлекеттік департаментіне үнемі хабар беріп тұратындығын атап көрсетеді.

«Хиндустан Стандард» газеті жуық арада былай деп хабарлады: Хонгкин қару алып, көтеріліс жасау үшін Пакистанға және Индиядағы американдық ресми адамдарға жасырын миссия жіберген.

«Дели Таймс» былай деп атап көрсетеді: американдықтар стратегиялық елеулі маңызы бар бұл аудандарды бақылауына алғысы келеді. Екінші жағынан, олар Индия мен Бирманың арасында шиеленіс туғызып, мұнымен Бирманы СЕАТО деген атпен жуық арада құрылған Оңтүстік—Шығыс Азиядағы агрессиялық блокке тартуды оңайлатуға тырысуда.

## Италияның депутаттар палатасында

### Париж келісімдерін бекіту туралы заң- жобасын талқылау

РИМ, 22 декабрь. (СОТА). Кеше депутаттар палатасында Париж келісімдерін бекіту туралы заң жобасын талқылау одан әрі жүргізілді.

Социалистік партияның секретары Пьетро Ненни социалистік партияның «батысевропалық одақ» деп аталатынның құрылуына карсы шығатындығы туралы айтты. Италия, деді Ненни, Батыс және Шығыс Европамен жақындастыруға бағытталған барлық шараларға да белсенді қатнасу үшін қандай да болмасын соғыс блоктарынан тыс қалуға тиіс, егер бұл қажет болатын болса Италияның өзінің тиісті инициатива көрсетуі керек.

Ненни үкметтің Париж келісімдерін бекіту Италия үшін экономикалық мүмкіншіліктерді кеңінен құруға көмектесетін болады дегенін әшкереледі. Ненни былай деді: бұл келісімдерден туатын экономикалық саясат, қайта мұның керісінше, аталған келісімдерге қол қойылған елдердің экономикалық дәрежесіндегі алшақтықты тереңдетуге көмектеседі.

Германияны қаруландыру туралы қарар, деді Ненни, өте келелі мәселе болып табылады. Совет Үкметінің француз Үкметін күні бұрын сақтандыруы, деді бұдан әрі ол, Совет Одағының туып отырған жағдайға өте үлкен мән беріп қарап отырғандығын көрсетеді.

Ненни бекіту мен Париж келісімдерін жүзеге асырудың арасындағы үзілісті «Совет Одағымен келіссөздер жүргізуге» пайдалануға болады дейтін батыс насихатының толығынан дәлелсіз екендігін көрсетіп берді. Бұрыннан белгілі болғанындай мұндай ой жұртшылық пікірін бағыттап адастыру болып табылады.

Сөзінің қорытындысында Ненни Италия социалистер партиясы депутаттарының Париж келісімдерін бекітуге қарсы дауыс беретіндіктерін айтты.

Мәжлістің аяғында депутаттар палатасының председателі Гронки 15 депутаттың соның, ішінде Тольяттидің, Лонгоның, Рикардо Ломбардидің және Гуллоның Солтүстік- атлантикалық одақ советінің сессиясында батыс елдер үкметтерінің атом қаруын пайдалану жөнінде өздеріне жаңадан елеулі міндеттемелер алуына байланысты Париж келісімдерін талқылауды кейінге қалдыру туралы ұсыныс енгізгендіктерін хабарлады.

Депутаттар палатасындағы регламентке сәйкес, дискуссияны кейінге қалдыру жөнінде ұсыныс енгізілген уақытта, екі шешен бұл ұсынысты жақтап, екі шешен қарсы сөйледі, бұдан кейін палата бұл ұсынысты дауысқа қоюға кіріседі.

* * *

РИМ, 22 декабрь. (СОТА). Кеше Италияның депутаттар палатасы Париж келісімдерін бекіту туралы заң-жобасы жөніндегі жалпы дискуссияны социалистік партияның секретары Пьетро Неннидің сөз сөйлеуімен аяқтап, ұсынылған қарарларды қарауға көшті.

Жұртқа мәлім, кеше бір топ депутат—коммунистер мен социалистер Солтүстік Атлантика одағы советінің сессиясында батыс елдердің үкметтері атом қаруын пайдалану саласында өздерінің жаңадан елеулі міндеттемелер алуы себепті Париж келісімдерін талқылауды кейінге қалдыру туралы ұсыныс енгізді. Ұсыныстың авторлары оның маңыздылығын ескеріп, дереу талқылауды талап етті. Алайда, депутаттар палатасының председателі Гронки енгізілген ұсынысты әдеттегі қарар деп санап, оны басқа ұсыныстармен бірге, түскен ретіне қарай талқылау керек деді.

Бұдан кейін бірсыпыра депутаттар ұсынылған қарарларды негіздеп сөз сөйледі. Депутат—коммунистер енгізген бірқатар қарарларда Париж келісімдерін бекітуден бастарту жөнінде ұсыныс жасалған. Осы қарарларды қорғап сөз сөйлеп, депутаттар Мальетта, Баронтини, Каваллар және басқалары атап айтқанда, Париж келісімдері елдің экономикасы мен оның конституциялық құрылысына апатты әсер ететінін атап көрсетті.

Италияның жалпы еңбек конфедерациясының бас секретары—депутат ди Витторио да Париж келісімдерін бекітпеуді талап еткен қарарды жақтап сөйледі. Адам ретінде, кәсіподақ қайраткері ретінде, семьяның әкесі ретінде, ақырында италияндық ретінде, деді ди Витторио, мен қаруланған және бір-біріне жау блоктардың құрылуы жөнінде тынышсызданғандық білдіруді өзімнің борышым деп санаймын. Германияны қаруландыру оның біріктіруге кедергі жасайды және Европа халықтарының арасында келісім жасалуына мүмкіндік бермейді. Ол сансыз көп жұмысшыларды, шаруаларды және интеллигенция өкілдерін қырғынға ұшыратқан, сансыз көп мұраларды жойып жіберген армияны қайта тудыру деген сөз.

## БАТЫС ГЕРМАНИЯНЫ РЕМИЛИТАРЛАНДЫРУҒА ҚАРСЫ

ПАРИЖ, 22 декабрь. (СОТА). Елдің барлық түпкірлерінен де Парижге келген мыңнан аса делегация Батыс Германияны ремилитарландыру жөніндегі келісімнен бас тартуды талап ету үшін, кеше Ұлттық жыйналыста болды.

Лонгвиля тұрғындарының (Сена мен Марна департаменті) делегациясын қабылдап, депутат Кошар («Тәуелсіз») былай деген: «мен вермахтың қалпына келтірілуі жөніндегі Лондон мен Париж келісімдеріне қарсымын. Мен төрт державаның кеңесін шақыруды жақтаймын. Лондон мен Париж келісімдерінің Совет Одағына қарсы бағытталғандығы себебінен маған соңғы Совет нотасы түсінікті. Өйткені, Францияның ССРО- мен өзара көмек туралы факті бойынша байланысты екенін ұмытуға болмайды».

Депутат Праш («Социал республикашыл») өзінің айтысты өткізуді кейінге қалдыруды талап ететіндігі туралы айтқан.

«Юманите» газетінің атап көрсетуіне қарағанда, француз халқының өз еркін белсенді түрде білдіруі толқушы депутаттардың көпшілігіне- ақ өзінің әсерін білдіруде: олардың кейбіреулері сайып келгенде бекітуге қарсы дауыс беретіндігін мәлімдеуде. Мәселен, депутат Крузье («Тәуелсіз») делегацияны қабылдағаннан кейін бастапқы кезде ешқандай нақтылы жауап бере қоймады. Бірақ кеше оған 50 делегация келіп шыққаннан кейін ол былай деді: «мен жұртшылық пікірінің қуаттылығына таң қалдым. Мен қарсы дауыс беремін».

Мемлекет қызметкерлерінің үлкен біртобы, оның ішінде мемлекеттік советтің мүшелері, есеп палатасы мен сыртқы істер министрлігінің жауапты қызметкерлері де парламент депутаттарына коллективті түрде қат жолдаған, онда «Германияны қаруландыруды ресми жолға көпіретіндей етіп, дауыс берудің барлық салмағын өлшеп көруге» шақырады.

жақтаған пікір білдірмейді, өйткені ол бұрынғы гитлершілдердің үстемдігінің қайта орнатылуы жөнінде тынышсызданатынын білдіреді деп мәлімдеді.

Мәжлісте бәрінен кейін өнеркәсіп өндірісі комиссиясының баяндамашысы Шюпэн сөйледі, ол Саар проблемасына әдейі тоқталды. Бұдан әрі ол «европалық бірлестік» деп аталатын француз- герман бәсекесін жоюға мүмкіндік береді деді.

Ұлттық жыйналыстың жұмысын жергілікті уақыт бойынша 15 сағат 15 минутта онан әрі жүргізу белгіленді.

Ұлттық жыйналыстың залдан тыс жерлерінде қазіргі уақытта Париж келісімдері жөніндегі жалпы дискуссияға қатысу үшін 40 шешен жазылып қойды деп хабарлауда.

ПАРИЖ, 21 декабрь. (СОТА). Кеше кешке Ұлттық жыйналыста парламент комиссияларының Париж келісімдері жөніндегі баяндамашылары онан әрі сөз сөйледі.

Сыртқы істер комиссиясының Батыс Германияның «суверенитетін қалпына келтіру» туралы мәселе жөніндегі баяндамашысы Изорни Париж келісімдері Бонн статутына енгізетін өзгерістерге

бізге өзіміз тілеп отырған бейбітшілікпен қатар өмір сүруіне жеткізе алатын Шығыспен келіссөздер жүргізу мүмкіншілігінен абайсызда бастартпауға жағдай жасауға тиіс. Айтыстарды кейінге қалдыру— ақылға қонымды шешім».

Балидің баяндамасын парламенттегі әртүрлі топтардың депутаттары қол шапалақтаумен қарсы алды.

Кешегі мәжлісте соңғы баяндамашы экономикалық мәселелер жөніндегі комиссиядан Андрэ Юг (радикал) болды. Ол мінбеге көтерілгеннен кейін депутат-коммунист Франсуа Бийу оған мынадай сұрақ қойды: «Сіз кімнің атынан сөйлемекшісіз? Сіздің баяндамаңыз комиссияның 44 мүшесінен 10 дауыс алып қабылданды, 7 дауыс қарсы болды. Сіз мұны неге жасырасыз?» Андрэ Юг Париж келісімдерін бекіту арқылы Франция өзінің игілікті ниетін көрсетеді-мыс және «Батыс державалардың арасында экономикалық ынтымақ қажет» деп мәлімдеді. Андрэ Югтің сөзінен кейін мәжліс жабылды.

Ұлттық жыйналыстың бүгінгі мәжлісі жергілікті уақыт бойынша 9 сағат 30 минутта басталды.

## Париж келісімдерінің бекітілуіне жол берілмесін

ПАРИЖ, 21 декабрь (СОТА). Кеше, Лондон мен Париж келісімдері туралы парламент айтысының басталған күні, елдің барлық түпкірлерінен Парижге келген француз еңбекшілерінің жүздеген делегациясы Ұлттық жыйналысқа ағылып келумен болды. Франция халқының еркін білдіре отыра, делегациялар депутаттардан Батыс Германияны ремилитарландырудың жаңа жоспарларын қабылдамай тастауды және Лондон мен Париж келісімдерін бекітуге қарсы дауыс берулерін талап етті.

«Юманите» газетінің хабар етуіне қарағанда, кеше Бонн кекшілдерін қаруландыру жоспарларына қарсы наразылық ретінде Париж ауданының бірсыпыра кәсіпорындарында қысқа мерзімдегі ереуілдер ұйымдастырылды. Атап айтқанда, Сюренедегі (Сена департаменті) «Сорер» машина жасау заводының жұмысшылары, Париждің 16-шы округіндегі «Либерасьон» мастерскойлары жұмысшыларының 95 проценті, Париж маңындағы Монтрей қаласындағы «Клэр-Ложи» мастерскойларының еңбекшілері жұмысты тоқтатқан. Қысқа мерзімдегі ереуілдер Лионда, Ницце және басқа қалаларда өткізілді.

Ұлттық бейбітшілік советі мәлімдеме жариялады, онда былай делінген: соңғы екі ай ішінде елдің 67 департаментінде Батыс Германияны милитарландыруға қарсы наразылық петициясына үшжарым миллион французлар мен француз әйелдері қол қойған.

## Американ командованиесі Оңтүстік Кореяны тонауда

ПХЕНЬЯН, 21 декабрь (СОТА). Американ әскерлерінің командованиесі Оңтүстік Кореяда американ долларын жертілікті валюта—хванға айырбастауды шебер түрде жүргізуде. Бұл үшін доллар сату жүргізіліп отырған корей банктері пайдаланылады.

Кореяның Орталық телеграф агенттігі Сеул баспасөзіне сүйене отырып, былай деп хабарлайды: 29 ноябрьде доллармен жасаған бірінші саудада американ командованиесі бір долларға 251 хван берген бағадан бас тартқан. Бұл баға бұрын жүзеге асырылып келген 180 хван бағасынан асып кеткен. Бұл баға үстіміздегі жылы сентябрьде Ли Сын Манмен келісілген болатын.

Американ командованиесі 13 декабрьде екінші рет сауда жүргізіп, онда бір долларға 413 хван беруді ұсынған. Бұл сыяқты қымбат айырбас оңтүстіккореялық хванның бұрынғыдан да арзандатылуына әкеліп соғады және товарларға бағаның жаңадан қымбаттауын тудырады.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 142818 | 1—50 | 200 | 152118 | 35*) | 1.000 |
| 142859 | 1—50 | 200 | 152156 | 1—50 | 200 |
| 143121 | 1—50 | 200 | 152205 | 14*) | 5.000 |
| 143409 | 21*) | 1.000 | 152221 | 1—50 | 200 |
| 143492 | 1—50 | 500 | 152377 | 1—50 | 200 |
| 143647 | 31*) | 1.000 | 152602 | 1—50 | 200 |
| 143873 | 1—50 | 200 | 152804 | 19*) | 1.000 |
| 143902 | 1—50 | 200 | 152894 | 1—50 | 200 |
| 143912 | 1—50 | 200 | 153271 | 1—50 | 200 |
| 144250 | 1—50 | 200 | 153313 | 1—50 | 500 |
| 144287 | 1—50 | 200 | 153483 | 1—50 | 200 |
| 144295 | 08*) | 5.000 | 153750 | 1—50 | 200 |
| 144424 | 1—50 | 200 | 153854 | 01*) | 5.000 |
| 144455 | 03*) | 1.000 | 154051 | 1—50 | 200 |
| 144515 | 1—50 | 200 | 154461 | 1—50 | 200 |
| 144711 | 1—50 | 200 | 154541 | 1—50 | 200 |
| 144802 | 1—50 | 200 | 154652 | 42*) | 1.000 |
| 144924 | 1—50 | 200 | 154706 | 31*) | 1.000 |
| 144952 | 21*) | 1.000 | 154763 | 11*) | 1.000 |
| 145228 | 1—50 | 200 | 155063 | 1—50 | 200 |
| 145263 | 11*) | 1.000 | 155290 | 1—50 | 200 |
| 145448 | 09*) | 1.000 | 155438 | 18*) | 1.000 |
| 145556 | 21*) | 1.000 | 155766 | 43*) | 1.000 |
| 145572 | 09*) | 5.000 | 155891 | 07*) | 1.000 |
| 145605 | 22*) | 1.000 | 156010 | 30*) | 1.000 |
| 145635 | 38*) | 1.000 | 156056 | 1—50 | 200 |
| 145960 | 36*) | 1.000 | 156139 | 1—50 | 200 |
| 146148 | 27*) | 5.000 | 156170 | 26*) | 1.000 |
| 146154 | 1—50 | 200 | 156367 | 1—50 | 200 |
| 146465 | 10*) | 1.000 | 156371 | 1—50 | 200 |
| 146510 | 1—50 | 500 | 156385 | 1—50 | 200 |
| 146546 | 1—50 | 500 | 156386 | 1—50 | 200 |
| 146757 | 15*) | 5.000 | 156522 | 05*) | 1.000 |
| 146807 | 1—50 | 200 | 156669 | 1—50 | 200 |
| 147040 | 1—50 | 200 | 157036 | 1—50 | 200 |
| 147131 | 09*) | 1.000 | 157068 | 09*) | 1.000 |
| 147162 | 1—50 | 200 | 157299 | 1—50 | 200 |
| 147202 | 1—50 | 200 | 157546 | 1—50 | 200 |
| 147307 | 47*) | 1.000 | 157590 | 1—50 | 200 |
| 147385 | 1—50 | 200 | 157751 | 1—50 | 200 |
| 147436 | 1—50 | 500 | 157850 | 42*) | 1.000 |
| 147461 | 1—50 | 200 | 157861 | 1—50 | 200 |
| 147462 | 46*) | 10.000 | 157964 | 1—50 | 200 |
| 147517 | 1—50 | 200 | 158004 | 37*) | 1.000 |
| 147576 | 1—50 | 200 | 158127 | 1—50 | 200 |
| 147609 | 1—50 | 500 | 158429 | 23*) | 1.000 |
| 147772 | 01*) | 1.000 | 158533 | 1—50 | 200 |
| 147775 | 1—50 | 200 | 158625 | 1—50 | 200 |
| 147897 | 1—50 | 200 | 158626 | 40*) | 5.000 |
| 147931 | 1—50 | 200 | 158811 | 35*) | 1.000 |
| 148066 | 40*) | 1.000 | 159056 | 1—50 | 200 |
| 148339 | 1—50 | 200 | 159246 | 1—50 | 200 |
| 148385 | 1—50 | 200 | 159294 | 1—50 | 200 |
| 148466 | 1—50 | 200 | 159300 | 1—50 | 200 |
| 148601 | 03*) | 1.000 | 159337 | 1—50 | 200 |
| 148736 | 1—50 | 200 | 159346 | 1—50 | 200 |
| 148781 | 1—50 | 200 | 159552 | 1—50 | 200 |
| 148870 | 1—50 | 200 | 159608 | 1—50 | 500 |
| 148881 | 1—50 | 200 | 159648 | 24*) | 1.000 |
| 149025 | 1—50 | 200 | 159808 | 06*) | 1.000 |
| 149052 | 1—50 | 200 | | | |

х) Осы сериядағы облигациялардың қалған 49 номеріне 200 сомнан ұтыс шықты.


## Киноларда

**«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында**

**«ЗАПАСТАҒЫ ОЙЫНШЫ»**

Сеанстар сағат 5, 6-30, 8-30 және 10-да басталады.



**РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редактордың орынбасары—1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауылшаруашылы өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады**

УШ 02922. **Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.**